



Т

Үлгі болашағы өз қолымызда!

12+

Талдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



www.taldykorgan-online.kz
e-mail: taldyk@bk.ru



№4 (1846) Жұма, 31-қаңтар 2025 жыл / Қоғамдық-саяси газеті

➤ ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

ЕЛ ДАМУЫНДАҒЫ ЖАУАПТЫ КЕЗЕҢ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСТЫ

ҚҰРМЕТТІ КЕҢЕСКЕ ҚАТЫСУШЫЛАР!

Бүгін біз Үкіметтің кеңейтілген отырысында өте өзекті мәселелерге тоқталамыз. Себеп – бәрімізге белгілі. Қазір дүниежүзі түбегейлі өзгеріске ұшырап жатыр. Жаһандық үдерістер, ең алдымен, еліміздің экономикалық ахуалына әсерін тигізетіні анық.

Жаппай цифрландыру дәуірі, яғни жаңа технологиялық кезең басталды. Күллі әлем мүлдем басқа жағдайда өмір сүреді. Біз соған міндетті түрде дайын болуымыз керек. Жаңа технологиялық ахуалға сақдай-сай тұруымыз қажет. Бұл – еліміздің бәсекеге қабілетін арттырып, тұрақты дамуына жол ашатын аса маңызды фактор.

Үкімет пен әкімдердің жұмысы қаншалықты тиімді екенін алдымен экономиканың даму көрсеткіштері мен азаматтардың тұрмыс сапасына қарай бағалаймыз. Осы жұмыстың нәтижесі былтыр қандай болды? Негізгі міндеттер орындалды ма? Бүгін осы сұрақтарға тоқталамыз және жақын арада шешімін табуға тиіс өзекті мәселелерді талқылаймыз.

ҚҰРМЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР!

Сырттағы ахуал күрделі болса да, елімізде жақсы нәтижелер бар. Ел экономикасы өсіп жатыр. Бірақ шешімін таппаған түйткілдер әлі де көп.

Қазіргі таңдағы басты мәселе мынадай.

Әлем экономикасында болып жатқан тарифтік тартыстар мен санкциялық текетірестер қалыпты жағдайға айналды. Бұл үдерістің салдары жойқын болуы мүмкін.

Климатқа байланысты ұстанымдар да үлкен өзгеріске ұшырайтын болды. Мұндай жағдайда «жасыл энергетиканы» дамыту тәсілдерін қайта қарауға тура келеді. Бір жағынан, дәстүрлі қуат көздеріне деген сұраныс сақталады. Екінші жағынан, бұл мұнай, газ және көмір бағасының тұрақсыздығына әкеп соқтырады.

Қаржы саласында криптовалюталар мен басқа да цифрлық активтер кеңінен қолданыла бастады.

Жасанды интеллектіні дамыту алдыңғы қатарға шықты, соған байланысты технологиясы дамыған алып елдер арасында бәсеке қыза түспек. Жаңа дәуірдің сын-қатерлері аз емес. Оны еңсеру үшін бізге тиісті стратегия керек.

Мен реформалардың нақты бағыты мен оны жүзеге асыру жолдары туралы осыған дейін де айттым. Үкімет ел экономикасын тұралап қалудан сақтап, орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін күрделі шешімдер қабылдауы керек және ең бастысы сол шешімдерді іске асыруға тиіс.

Бұл – жоғары білікті әрі жауапкершілік алуға дайын мемлекеттік қызметшілердің қолынан келетін жұмыс. Әлемдік тәжірибеге қарасақ, мемлекеттік аппараттың тиімділігі осындай күрделі кезеңдерде айқын көрінеді.

Үкімет қаншалықты қиын болса да, жаппай үнемдеуге көшіп, бюджет қажысын тек қана аса өзекті



мәселелерді шешуге жұмсауы керек. Көптеген қарай кесілетін уақыт келді. Орынсыз шығынды тоқтатып, аяғымызды тартып басу қажет.

Енді Үкіметтің және басқа да құзырлы органдардың жақын арадағы негізгі міндеттеріне тоқталсам.

➤ БІРІНШІ.

Экономиканы әртараптандыру.

Былыр өңдеу өнеркәсібі саласында 180 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Жобалардың жалпы құны – 1,3 триллион теңге. Соның нәтижесінде осы саладағы өсім 6 пайызға жуықтады. Бұл – соңғы он жылдағы ең жоғары көрсеткіш. Осы жақсы үрдісті біржола орнықтырып, сақтап қалу керек.

Тағы бір аса маңызды мәселе – экономикаға инвестиция тарту. БҰҰ мәліметтеріне сәйкес, Қазақстан бұл көрсеткіш бойынша айтарлықтай табысқа қол жеткізген. Дегенмен тоқмәйісуге негіз жоқ.

Инвесторлардың мәселесін шұғыл шешу үшін Инвестиция штабы құрылды. Соның арқасында бюрократиялық кедергілер мен құқықтық қарама-қайшылықтар жойылып, кейбір жобаларды тезірек жүзеге асыруға жол ашылды. Алайда басты мақсат – «жекелеген» проблемаларды ғана шешпей, елдегі тұтас инвестициялық ахуалды жақсарту.

Инвестициялық жобаларды әзірлеу барысында ведомстваралық үйлестіруге әлі де көп уақыт кетеді. Үкімет басы артық бюрократиядан арылып,

жедел жұмыс істеуі керек.

Мемлекеттік қызметшілердің құлықсыздығы және жауапкершілік алудан тайсалуы келісу рәсімдері мен шешім қабылдаудың тым ұзаққа созылуына себеп болып отыр. Мұны ашық айтқан абзал.

Үкімет инвестиция саласындағы жұмысты күшейтуі қажет. Басқа жол жоқ. Әйтпесе, инвестиция нарығында бәсеке қызып тұрған кезеңде заман ағымынан кеш қаламыз. Бізге сапалы инвестиция қажет екені анық. Озық технологияға негізделген және сыртқы нарыққа арналған жобаларды әдетте шетел инвесторлары ұсынады. Былтырғы 9 айда елімізге 12,7 миллиард доллар тікелей шетел инвестициясы тартылды. Көрсеткішке көңіл толғанымен, бұл 2023 жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 36 пайызға кем.

Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында және Алматы қаласында тікелей шетел инвестициясын тарту қарқыны төмендеген. Ал жеке инвестицияның азаюы бюджет есебінен өтелеп жатыр. Бірақ бүгін ғана даму бюджеті шектеулі екені айтылды. Ол ішкі жалпы өнім көлемінің небары 8 пайызын құрайды. Инвестициялық жобаларды бюджет есебінен өтеу тек қысқа мерзімдік нәтиже бере алады. Біз мұны түсінуіміз керек.

Қазір бюджет тапшылығы бар екенін білесіздер. Сондықтан сапалы инве-

стиция әкелетін жауапкершілігі жоғары инвесторларға қосымша жеңілдіктер беру мәселесін қарастырған жөн. Мұндай саясат менің ел экономикасын ырықтандыру туралы стратегияма толық сай келеді. Бұл – маңызды сәт.

Үкімет инвесторды іздеуге, қолдауға және қорғауға қатысты жұмыстың бәрін жүйелі жүргізетін біртұтас экожүйе құруы қажет. Бұл жұмыс барлық деңгейде, яғни аймақта, орталықта және шетелде бірдей атқарылуы керек. Осы орайда шетелдік және отандық инвесторларға қатысты ұстаным бірдей болуы қажет. Мемлекеттің қолдауына ие болған компанияларға тиісті талап қойылуы керек. Олар жұмыс орындарын сақтауға, өндірісті жаңғыртуға тиіс. Сонымен бірге экология талаптарын мүлтіксіз орындауға міндетті.

Ірі өнеркәсіп жобаларын іске қосу жұмыстары баяу жүріп жатыр. Мұны кезінде елден заңсыз шығарылған активтерді қазынаға қайтару ісімен қатар жүргізу қажет. Мен бұл жөнінде ірі бизнес өкілдерімен кездесулерде айтқанмын. Қазақстанда орта буынға жататын көшбасшы компаниялар шоғырын қалыптастыру міндеті әлі де өзекті. Үкімет биылғы маусым айының соңына дейін келешегі зор әрбір орта кәсіпорынның жұмыс жоспарын әзірлеуге тиіс. Еліміздің сирек кездесетін металл кенішін, соның ішінде әлемде сұраныс артып келе жатқан литийді өндіру мен өңдеу әлеуеті өте үлкен. Бүгін Премьер-Министр баяндамасында осындай 17 кен орнының ашылғанын айтты. Демек біз осы салаға инвестиция мен озық технологияларды тартуымыз қажет. Бұл ретте шетелдік инвесторларға да, отандық бизнесмендерге де басымдық берген жөн.

Қазақстан нарығына геологиялық барлаумен айналысатын ірі шетелдік компаниялар келді. Жер қойнауын пайдалану құқығын ашық әрі қарапайым тәртіппен бөлетін Бірыңғай платформа іске қосылды. Парламент сессиясының соңына дейін бұл жұмыстың заңнамалық негізін қамтамасыз ету керек. Жер қойнауын пайдалану саласындағы реформа еш кедергіге қарамастан жалғасуға тиіс. Бұл – принципті ұстаным. Үкімет мұны қатаң түрде сақтауы қажет.

Ірі кен орындарының өнімін бөлу жөніндегі келісімді іске асыру нәтижесінде Қазақстан жаһандық нарыққа қуат көзін сенімді жеткізуіне айналды. Бұл жобалар еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай үлес қосады. Сонымен қатар қомақты инвестициялар ұзақмерзімді жоспарлауды талап етеді. Сондықтан Үкімет өнімді бөлу жөніндегі келісімдерді елімізге анағұрлым тиімді әрі жаңа шарттармен ұзарту үшін келіссөздерді жандандыруы қажет.

Бұдан бөлек, игерілуі технологиялық тұрғыдан күрделі бірқатар мұнай кен орындарын, сондай-ақ айтарлықтай қоры бар тақтатас мұнай кеніштерін экономикалық айналымға енгізген жөн. Мұндай жобалардың коммерциялық тартымдылығын арттыру үшін Үкімет мемлекеттік қолдау шараларын қарастыруы керек.

Жалғасы 2-3-4-бетте. ➤

ЕЛ ДАМУЫНДАҒЫ ЖАУАПТЫ КЕЗЕҢ

Басы 1-бетте.

Тағы да қайталап айтамын: қазіргі жаңа геосаяси және экономикалық жағдайда индустрияға болсын, ауыл шаруашылығына болсын, жалпы ел экономикасына жеке инвестиция тарту – Үкіметтің басты міндеті. Бұл стратегия еліміздің ұзақ мерзімге арналған ұлттық мүддесіне сай келеді. Сондықтан мұнда отаншылдықты желеу еткен жалған ұрандар орынсыз деп күмәнсіз айтуға болады. Сонда ғана Қазақстан өз экономикасына қосымша инвестиция тартады, ресурстық әлеуетін арттырады, жаңа өндірістік кәсіпорындардың пайда болуына жағдай жасайды. Қоғам менің ұстанымымды білсін деп мұны әдейі айтып отырмын.

Былтыр энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуға арналған ұлттық жоба қабылданды. Бұл жоба аясында өнеркәсіп саласын дамыту үшін жаңа өнімдер шығару да қолға алынбақ. Отандық кәсіпорындар негізгі сұраныстың 40 пайызын ғана өтей алады. Үкімет жергілікті зауыттармен офтейкелісім жасау арқылы құрал-жабдық өндірісін жолға қоюға тиіс.

Әлем Қазақстанға зор сенім артады, бізді «орта держава» ретінде таниды. Алайда бұл жоғары мәртебе тек сыртқы саясаттағы нақты нәтижелермен ғана емес, экономика, инвестиция, ғылым және технология салаларындағы жетістіктермен де бекітілуге тиіс.

Қазіргі геосаяси жағдай көршілермен, атап айтқанда, Орталық Азия және ЕАЭО елдерімен ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеруді қажет етеді. Бұл аймақтың бәсекеге қабілетін күшейтеді. Үкімет өнеркәсіп, көлік және логистика, IT сектор, агроөнеркәсіп кешені және басқа да салалардағы өзара тиімді байланыстар бойынша нақты шаралар әзірлеуі керек.

Бұдан бөлек, Қытай, Ресей, АҚШ, ЕО, Таяу Шығыс, Азия елдерімен және басқа да мемлекеттермен ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысын айрықша назарда ұстаған дұрыс.

Келесі кезек күттірмейтін мәселе. Туризм экономиканың өсуіне жаңаша серпін беретін сала болуы қажет. Бұл бағытта біз артта қалып барамыз, жұмыс мардымсыз жүріп жатыр. Еліміздің әр аймағында көрікті жерлер бар. Шетелден және ел ішінен келген туристер біздің қайталанбас қорықтарымызды аралап көргісі келеді. Бірақ белсенді және ауқымды туризмді дамыту үшін жағдайымыз жеткілікті емес. Сондықтан жеке инвесторларды да тарта отырып, қажетті инфрақұрылым салу жұмысын дереу бастау қажет. Туризм саласының инвестициялық әлеуетін күшейтуге арналған кез келген бастамаға қарсы шығатын адамдардың жетегінде кетпеу керек. Маңғыстауда әйгілі Бозжыраға байланысты сондай жағдай болғанын білесіздер.

Үкімет пен жергілікті мекеме өкілдері іскерлік ахуалды жақсарту үшін неғұрлым батыл шаралар қабылдауға тиіс. Мен экономикаға инвестиция тарту мәселесін бекерден-бекер басты орынға қойып отырған жоқпын. Мұның да стратегиялық маңызы зор. Экономикамыздың болашағы мен еліміздің әлем картасындағы орны, ең алдымен, осыған байланысты.

ЕКІНШІ. Инфрақұрылымды дамыту ісін жаңа деңгейге көтеру керек.

Үкіметтің және жергілікті атқарушы органдардың күш-жігерімен біз энергетикалық және коммуналдық саладағы ауыр дағдарысты еңсердік. Енді Үкімет мұндай жағдайға жол бермеуге тиіс.

Жылу стансаларындағы апаттар елімізге абырой әпермейді, беделіне нұқсан келтіреді және бұл мемлекеттік қызметшілердің жауапсыздығы мен біліксіздігін көрсетеді. Аймақтарда коммуналдық шаруашылықтағы басшылық орындарда кәсіби мамандар емес, заңгерлер мен басқа да гуманитарлық сала өкілдері отыр.

Энергетикалық және коммуналдық нысандардың жұмысын жаңа стандарттарға жедел түрде көшіру керек. Үкімет жаңа тариф саясатын жүзеге асыруды жалғастыруға тиіс. Тарифтер нарық талап-

тарына сай болмаса, электр энергиясымен, жылумен және сумен үздіксіз қамтамасыз ету мүмкін емес. ТМД елдерінің бәрінде дерлік электр энергиясының, газдың және мұнай өнімдерінің бағасы Қазақстанға қарағанда қымбат. Бұл жағдай экономика балансының бұзылып, шатқаяқтауына әкеп соғады. Ақиқаты осы, оның несін жасырамыз?! Көршілес елдерге контрабандалық жолмен жанар-жағармай тасылатынын жұрттың бәрі көріп отыр. Өз кезегінде бұл ел ішінде қылмыстың етек алуына негіз болады.

Біз қоғамда ресурстарды үнемдеп пайдалану мәдениетін қалыптастыру маңызды екенін талай жылдан бері айтып келеміз. Бірақ азаматтарға үндеу тастау жеткіліксіз. Бұдан бөлек, ресурстарды тұтынудың әлеуметтік нормаларын енгізу қажет. Үлгі етуге болатын жақсы мысалдар бар. Мысалы, дәл осындай ұстаным ай сайын суды сегіз пайызға жуық үнемдеуге мүмкіндік берді. Бұл – аса маңызды. Себебі Қазақстанда ғана емес, бүкіл Орталық Азияда су тапшылығы күшейіп тұр. Сондықтан суды үнемдейтін технологияларды пайдалану мәселесі өте өзекті.

Көрші Қытай елінде әлемдік деңгейдегі озық технологиялар бар, олар тәжірибесін



КИБЕРҚЫЛМЫСТАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕС ШАРАЛАРЫН КҮШЕЙТУ ҚАЖЕТ

Жаңа технологияларды дамытумен және мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың қызметіне жасанды интеллект құралдарын кеңінен енгізумен қатар киберқылмыстарға қарсы күрес шараларын күшейту қажет. Оның ішінде елдегі қоғамдық-саяси жағдайды тұрақсыздандыруға бағытталған алаяқтық, жалған ақпарат тарату, арандатушылық және жала жабуға қатысты киберқылмыстармен күресу керек. Мемлекет басшысы аталмыш әрекеттер азаматтардың қауіпсіздігіне және елдегі тұрақтылыққа үлкен қатер төндіретінін айтып, Үкіметке мұндай ақпаратты таратқаны үшін заңнамалық жауапкершілік шараларын қабылдауды, сондай-ақ азаматтардың жеке деректерінің барынша қорғалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Жарылқасын БОЛАТҰЛЫ,
Талдықорған қалалық мәслихатының депутаты

бөлісуге дайын. Бірақ біздің жақ – құлықсыз, оның үстіне батыл шешімдер жоқ. Үкіметке осы шаруамен белсенді айналысып, 1 маусымға қарай жұмыс барысы туралы есеп беруді тапсырамын.

Тағы бір мәселе – мемлекет тарапынан берілетін әлеуметтік көмектің нақты иесіне жетуі. Көмек шын мұқтаж адамдарға берілуге тиіс екені қаншама рет айтылды. Қазақстан – шын мәнінде әлеуметтік мемлекет. Бірақ бұл – азаматтарымыздың, әсіресе, өскелең ұрпақтың еңбек етуге ынтасын азайтып, оларды масылдыққа үйрету деген сөз емес.

Қазақстанға көрші елдерден жүз мыңдаған еңбек мигранты жұмыс іздеп келіп жатыр. Олардың бұл әрекетін құрметке лайық деуге болады. Себебі олар отбасына нәпақа табу үшін жұмыс істегісі келеді. Үкімет әлеуметтік көмек мәселесіне келгенде тым сақтық танытуда. Десек те, нақты ұсыныстар мен оны шешу жолдарын қарау қажет.

Тағы бір маңызды міндет – тұрғын үй қорын басқару жүйесін жаппай реформалау. Қала құрылысын жоспарлаудан бастап, нысандарды пайдалануға беруге дейінгі барлық үдерісті цифрлық форматқа толық көшіру қажет. Бірыңғай ақпарат жүйесін жыл соңына дейін әзірлеу керек.

Біз былтыр тұрғын үй құрылысы бойынша рекордтық көрсеткішке қол жеткіздік (19 миллион шаршы метр). Бұл – өте жақсы. Бірақ тұрғын үйдің санына емес, сапасына және оның қолжетімді болуына баса назар аударған жөн.

Енді көлік-логистика инфрақұрылымына тоқталайық.

Транзит – жүк тасымалына қатысты халықаралық бәсекедегі біздің орасан зор артықшылығымыз. Мұны толықтай әрі тиімді пайдалануымыз керек.

Қазақстан арқылы өтетін темір жол дәлізін дамыту жұмысын тездету қажет. Бұл жоба Транскаспий бағдарының негізгі бөлігі болмақ. Осы бағыттағы маңызды жобалардың біразы қазір жүзеге асырылып жатыр. Алдын ала қамданып, жұмысты тоқтатпай, жалғастыра беру керек.

«Мойынты – Қызылжар» бағытында жаңа темір жол құрылысын бастауды тапсырамын. Сондай-ақ Қызылжар бекетінен Ақтау портына дейінгі күре жолдың қозғалысы аса көп учаскелерін жаңғырту керек.

«Алтынкөл – Жетіген» темір жолын да кеңейту қажет. Бұл Қытай мен Орталық Азия арасындағы көлік дәлізінің әлеуетін едәуір арттырады.

Бұдан бөлек, темір жол тасымалын цифрландыру жобаларын уақтылы аяқтау маңызды. Мультимодальды көлік тораптарын дамытуға баса мән берген жөн. Сол арқылы тасымалдың барлық түрін өзара кіріктіруге мүмкіндік туады. Биыл және келесі жылы осы бағытта ауқымды жұмыстар атқарылуға тиіс.

Жаһандық электронды саудасаттық көлемінің артуы біз үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Сондықтан ел экономикасын дамытуға зор ықпал ететін осы үрдісті толық пайдалану керек.

Қазақстанға озық логистика жүйесі қажет. Қазіргі халықаралық нарықтың ерекшеліктерін ескерсек, бұл стратегиялық сипатқа ие міндет саналады. Автокөлік тасымалына арналған «жасыл дәліздің» тиімді қызметін қамтамасыз ету маңызды.

Бәсекелестікті қорғау ведомствосымен бірге аталған міндетті алғашқы жартыжылдықта орындауы керек.

Қазір әлемде әуемен жүк тасымалдау нарығы 140 миллиард долларға бағаланып отыр. Бұл – орасан зор мүмкіндік. Алайда бірде-бір қазақстандық авиакомпания аталған салада толық жұмыс істемейді.

Шамамен мамыр айында өтетін Қауіпсіздік Кеңесінің отырысын еліміздің көлік-транзит және логистика әлеуетін дамыту әрі нығайту тақырыбына арнаймыз. Бұл мәселені бөлек қарастыру керек. Өйткені оның стратегиялық маңызы зор. Қазір көлік және логистика саласы халықаралық бизнес ретінде алдыңғы орынға шықты.

ҮШІНШІ. Цифрлық технологияны жан-жақты енгізу қажет.

Қазақстан цифрландыру ісінде, әсіресе, мемлекеттік қызмет көрсету саласын цифрландыру жолында едәуір жетістікке жетті. Бірақ бұл – алдағы үлкен жұмыстың басы ғана.

Толыққанды цифрлық экожүйе жасау үшін оның іргесі берік болуға тиіс, яғни, сапалы мәліметтер мен оны қорғайтын сенімді жүйе қажет.

Елімізде жасанды интеллект технологиясын қарқынды дамыту керек. Жыл соңына дейін оның кейбір тұстарын Электронды үкімет жүйесіне енгізу қажет. Бұл технологияны «Smart City» жобаларында кеңінен қолдану мәселесіне айрықша назар аударған жөн.

Адам капиталын дамытуды және жоғары оқу орындарын білім беруден ғылыми-зерттеу тәсілдеріне көшіруді көздейтін «AI-Sana» жасанды интеллектіні оқыту бағдарламасының маңызы артып келеді. Үкімет цифрландыру мен жасанды интеллектті қолданудың біртұтас жүйесін құруға тиіс. Қазір жасанды интеллект нарығында не болып жатқанына қараңыздар. Қытайлық компания 6,5 миллион долларға DeepSeek платформасын жасап шығарды. Оның тиімділігі миллиардтаған доллар жұмсалған плат-

ТАРИФТІК САЯСАТТЫҢ ЖАҢА СТАНДАРТТАРЫН ӘЗІРЛЕУ ТАПСЫРЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында бірқатар маңызды мәселелерге тоқталды. Тиісті тапсырмалар берді.

Үкіметке нарықтық жағдайларға толық сәйкес келетін тарифтік саясаттың жаңа стандарттарын әзірлеу бойынша жұмысты жалғастыру тапсырылды.

Мұндағы мәселе электр энергиясын, жылу мен суды үнемдеу ғана емес, оларды тұтыну мәдениеті мен үздіксіз жеткізуді қамтамасыз ету. Әрбір азамат, өзіне қажет мөлшерден көп су жұмсамау керектігін түсінуі керек. Сондықтан, су ресурстарының жаһандық тапшылығын ескере отырып, тұтынудың әртүрлі әлеуметтік нормаларын қолдану маңызды.

Тұтыну мәдениетіне қосымша, Мемлекет басшысы ресурстарды үнемдеу қолданыстағы технологияларға да тікелей байланысты екенін атап өтті.

Суды үнемдеудің озық технологияларын қолданатын Қытайды мысалға келтірді. Үкіметке Қазақстанда да осындай технологияларды енгізу мәселесін пысықтау тапсырылды.

Анель КАПЕКОВА,
«Жетісу облысы іскер әйелдер қауымдастығы» ҚБ төрағасы



Бұған дейін жоспарланған жолдарды салу және жөндеу жұмысын уақтылы аяқтау керек. Біз автокөлік тасымалының әлеуетін толығымен пайдаланып отырған жоқпыз.

Заманауи технологияларды енгізейінше, логистиканы табысты дамыту мүмкін емес. Сондықтан қоймаларды автоматтандыру, маршруттарды цифрландыру, көлік ағынын басқару ісінде жасанды интеллектті қолдану Үкімет жұмысының басым бағыттары болуға тиіс.

Шұғыл атқаратын шаруаның бірі – еліміздің аумағында халықаралық әуе хабын құру. Ірі әуежайларымызды бәсекеге қабілетті халықаралық хабқа айналдыру үшін тез арада батыл шешімдер қабылдау қажет. Алдымызда жүк және жолаушылар терминалдары, логистикалық орталықтары және заманауи сервистері бар толыққанды экожүйе құру міндеті тұр. Жүк тасымалының барлық рәсімін жеңілдетіп, авиаотынға қолжетімді баға қою керек. Кейінгі мәселе өте өзекті. Өйткені біздің әуежайлардағы, атап айтқанда Астана әуежайындағы авиакеросиннің бағасы тым қымбат. Үкімет

формалардан асып түсті. Жуырда Қытай тарапының цифрландыру мәселесімен, жасанды интеллектті ойлап табумен айналысатын өкілдермен кездестік. Бізге Қытай тәжірибесін міндетті түрде қолдану керек.

Үкіметке мемлекеттік органдар мен ұлттық компанияларға жасанды интеллект технологиясын енгізу жұмысын қолға алуды тапсырамын.

Жаппай цифрландыру мемлекеттің азаматтармен және бизнес өкілдерімен қарым-қатынасын айтарлықтай жеңілдетеді. Сондай-ақ бюрократияны және сыбайлас жемқорлық қатерлерін азайтады. Бұл – түсінікті.

Алайда таяқтың екі ұшы бар, цифрландыру дамыған сайын алаяқтық көбейіп барады. Қоғамдық пікірге теріс ықпал ету, биліктің беделін түсіру және ел ішінде алауыздық тудыру үшін жалған мәлімет таратып, ақпараттық шабуыл жасау белең алуда. Мұндай әрекеттер азаматтардың қауіпсіздігіне және елдегі тұрақтылыққа үлкен қатер төндіреді. Сондықтан интернет-платформаларда

арандатушылық сипаттағы ақпарат таратқаны үшін жауапкершілікке тартуды заңмен бекіту мәселесін ойластыру керек. Бірақ киберқауіпсіздікті күшейту шаралары цифрландыру үдерісіне тосқауыл болмауға тиіс.

Қоғамда мемлекеттің азаматтарды кибералаяқтардан қорғау үшін қабылдап жатқан шаралары нәтижесіз деген қасаң пікір қалыптасып келеді.

Статистика да көңіл көншітпейді. Жыл сайын 20 мыңнан астам интернет-алаяқтық фактісі тіркеледі. Қылмыстың 80 пайызға жуығы әшкереленбейді. Рас, мұндай қылмыстарды ашу оңай емес. Үкімет, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Бас прокуратура және басқа да ведомстволар күш-жігер біріктіруі керек. Ішкі істер министрлігіне осы сипаттағы қылмыстарды әшкерелеуге көмектескен жөн.

Сондықтан Үкімет құқық қорғау органдарымен және қаржы саласын реттеушілермен бірге азаматтардың жеке деректерін қорғауды мейлінше қамтамасыз етуі керек.

ТӨРТІНШІ. Энергетиканы дамыту және ядролық кластер құру.

Еліміз өзін өзі электр энергиясымен толық қамтамасыз етіп, 15-20 пайыз шамасында резерв қалыптастыруға тиіс. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған міндет. Сондықтан алдағы екі жылда кемінде 3 гигаваттық жаңа қуат көздерін іске қосу қажет. Бұл – алдыңғы жылдардың көрсеткішінен 2,5 еседей артық меже (1,3 ГВт).

Біздің көміртегі бейтараптығына қол жеткізу туралы стратегиялық бағдарымыз өзгермейді. Алайда оны жүзеге асыруға барынша байыппен, салмақты түрде қараған жөн.

Біз қолда бар табиғи байлықтарымыз бен мүмкіндіктерімізді ұтымды пайдалануымыз қажет. Сондықтан әлдеқашан ескірген технологиялар бойынша салынған ЖЭС-терді инновациялық көмір стансалары алмастыруы керек. Қытай мен Оңтүстік Кореяда зиянды шығарындылары аз, жаңа буын көмір стансалары табысты жұмыс істеп тұр.

Өкінішке қарай, кезінде Балқашта көмір электр стансасы салынбай қалды. Соның кесірінен біз мықты қуат көзінен айрылып қалдық. Ал ондай станса бізге қазіргі таңда артық болмайтын еді.

Энергия тапшылығы артып келеді. Сондықтан алғашқы Атом электр стансасының құрылысын тездету қажет. Жалпы елімізде ядролық кластер құру ісін

тика саласында ірі жобалар мен бу-газ қондырғылары іске қосылды. Сондықтан 2026 жылы «Бейнеу – Бозой – Шымкент» газ құбырына қарасты екінші тармақтың алғашқы кезеңін аяқтауымыз керек.

Жалпы газ саласын дамыту елдің орнықты әлеуметтік-экономикалық өрлеуінің негізгі факторына айналып келеді. Былтыр тоғыз өңірдегі 107 елді мекенге газ жеткізіліп, 300 мың халықтың тұрмысы жеңілдеді.

«Шеврон» корпорациясымен бірге жаңа газ кеніштерін игеру жұмыстары басталып, Ақтөбе облысындағы Жәлібек учаскесін геологиялық барлау жөнінде ынтымақтастық орнады. Алайда Жаңаөзен мен Қашағандағы газ өңдеу зауыттарының, сондай-ақ Түркістан облысындағы бу-газ қондырғысы базасында жұмыс істейтін электр стансасының құрылысы ойдағыдай жүріп жатқан жоқ. Аталған жобалар межелі мерзімде аяқталуға тиіс.

БЕСІНШІ. Агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін арттыру қажет.

Былтыр экономиканың басқа салаларына қарағанда ауыл шаруашылығы даму қарқыны бойынша алға шықты.

Бұған көктемгі егіс науқанына берілетін арзан несие көлемін едәуір арттырудың арқасында қол жеткіздік. Быыл осы науқанға кемінде 700 миллиард теңге бөлу

дамытуға арналған мемлекеттік қолдау шараларының бәрін бір бағдарламаға біріктіру дұрыс шешім болмақ, яғни «Ауыл аманаты», «Ауыл – ел бесігі» және тағы басқа бағдарламалар.

Үкімет пен әкімдерден жаңа, жүйелі әрі тың тәсілдер күтеміз. Жалпы, ауыл шаруашылығында шешілмеген мәселелер аз емес. Фермерлер, сарапшылар түрлі түйетіндер туралы жазып жатыр. Мысалы, бордақылау орындары малсыз, жартылай бос тұр, себебі, мал көрші елдерге төмен бағамен сатылып жатыр. Ауылдағы ағайынның тұрмыс сапасына ықпал ететін барлық мәселеге баса мән беру қажет. Ауыл халқы қаржылық және мемлекеттік қызметтерден қол үзіп қалмауы керек. Қазір бұл міндет, негізінен, «Қазпошта» арқылы орындалып жатыр.

Үкіметке әкімдіктермен бірлесіп, пошта бөлімшелерінің шалғай елді мекендерде үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуді тапсырамын.

АЛТЫНШЫ. Салық-бюджет саясатын реформалау.

Бүгін бұл тақырыпқа қатысты қосымша баяндаманы тыңдадық.

Жаңа өндіріс орындарын ашу, инфрақұрылымды дамыту және үдерістерді цифрландыру үшін инвестор қаржысын тарту қажет екені түсінікті.

ПОВЫШАЯ ПРИЛЕКАТЕЛЬНОСТЬ ОБУЧЕНИЯ РАБОЧИМ СПЕЦИАЛЬНОСТЯМ

На этой неделе Президент Касым-Жомарт Токаев выступил с речью на расширенном заседании Правительства и поставил ряд задач на ближайшее время. Касательно Года рабочих профессий он отметил, что будет принят ряд мер, начеленных на повышение престижа рабочих профессий.

В частности, планируется полный пересмотр системы профессионального и технического образования. Для широкого вовлечения бизнеса в данную работу будут повышены и выравнены размеры государственного заказа для всех организаций ТИПО. Данные меры – важный шаг для повышения привлекательности обучения рабочим специальностям и поддержки образовательных учреждений, что в свою очередь поможет им более эффективно и качественно готовить специалистов.

Сотрудничество акимов с предпринимателями также может стать ключевым фактором в успешной реализации этого направления. Выработка приоритетных специальностей с учетом потребностей региона позволит более точно ориентировать колледжи и учебные заведения на подготовку востребованных кадров. В целом, такие меры должны способствовать улучшению кадровой ситуации, росту занятости и развитию экономики.

Даурен ОНАЛБАЕВ,
директор Палаты предпринимателей области Жетісу



АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН САЛАСЫ ЖІТІ НАЗАРДА



Мемлекет басшысы агроөнеркәсіптік кешені саласындағы бірқатар жүйелі мәселелерге назар аударды. Соның бірі — ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортына қолдау көрсете отырып, рентабельді дақылдарды өсіру бағытын жалғастыру. Осы орайда, «Малдың жұқпалы ауруларына қатысты ахуалды, соның ішінде екпе егу мәселесін ерекше бақылауда ұстаған жөн. Мал шаруашылығының экспорттық әлеуеті осыған байланысты» - деп атап өтті.

Ерлан ИМАНҒАЛИЕВ,
«Талдықорған қаласы қазақша күрес» ҚБ төрағасы

қолға алу керек. Бұл еліміздің болашақта ойдағыдай дамуына қатысты аса маңызды міндет.

Үкіметке «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, атом саласын дамытудың ұзақ мерзімге арналған жоспарын әзірлеуді тапсырдым. Нақты нәтиже керек. Жан-жақты талдау жүргізіп, атом электр стансаларын салуға барынша қолайлы жерлерді, сондай-ақ заманауи және қауіпсіз технологияларды анықтау қажет.

Үкімет пен Парламент екінші ядролық стансаны қай аймақта салу қажет екені жөнінде маған ұсыныс беруі керек. Бірақ атап өткім келеді: елімізге ядролық қуат керек, онсыз Қазақстан келешекте ойдағыдай дами алмайды. Қуат дегеніміз — бүкіл экономиканың дамуы деген сөз. Екіншіден, қуат жеткілікті болса, барлық аймақтар гүлденіп, өркендей түседі, халықтың тұрмысы жақсарады. Бұл — айдан анық.

Үкімет 2027 жылы Батыс аймақтағы электр желісін еліміздің Бірыңғай электр энергетикалық жүйесімен біріктіруі керек. Сондай-ақ Оңтүстік аймақтағы электр желілерін күшейту жобасын жеделдеткен жөн. Оңтүстік өңірлердегі энергия тапшылығын жою үшін «жасыл» энерге-

керек. Арзан несие мен малшыларға және ауыл шаруашылығы өнімін өңдеушілерге берген жөн.

Тімділігі төмен субсидиялау тәсілінен жеңілдікпен несие беру тәсіліне көшу қажет. Мен бұл мәселе жөнінде осыған дейін де айттым. Осы міндетті орындау керек.

Былтыр диқандарымыз мол астық жинады. Бірақ бидай бағасы тым арзандап кетті. Шаруаларды қолдауға және ішкі нарықты тұрақтандыруға Азық-түлік корпорациясы атсалысты. Бірақ бұл — уақытша шешім. Көбірек табыс әкелетін дәнді-дақылға көшуді жалғастыру қажет. Сондай-ақ шикізатты сақтау және оны терең өңдеу мүмкіндіктерін арттыру маңызды. Өнімді шетелге шығаруға қолдау көрсету керек.

Малдың жұқпалы ауруларына қатысты ахуалды, соның ішінде екпе егу мәселесін ерекше бақылауда ұстаған жөн. Мал шаруашылығының экспорттық әлеуеті осыған байланысты.

Ауылды дамытуға арналған негізгі міндеттерге арнайы тоқталғым келеді. Бұл жерде инфрақұрылымды жаңғыртуға және бизнесті қолдауға басымдық берілуі керек. Ауылдық аймақтарды жан-жақты

Бір жағынан мемлекет те экономикаға салынатын инвестиция көлемін ұлғайта береді. Сондықтан Үкімет барлық қаржыны басты басымдықтарға сай бөлуі керек. Бұл — Үкімет пен әкімдер бұлжытпай орындауға тиіс негізгі бюджет қағидатының бірі.

Елімізде жаңа әрі барынша қатаң бюджет ережелері қолданысқа енгізілгеніне екі жыл болды. Алайда бұл жүйе әрдайым жұмыс істеп тұрған жоқ. Неліктен олай болды? Оған Үкімет өзі жауап беруге тиіс.

Үкімет ұсынған шаралар бюджетті Ұлттық қордан қосымша қаржы алмай-ақ толықтыруға мүмкіндік береді. Бірақ нақты есептеп, жанама факторлардың бәрін ескеру керек. Сол себепті жаңа Бюджет және Салық кодекстерін тыңғылықты әзірлеп, қысқа мерзімде қабылдау міндеті тұр.

Бұл мәселені қоғам жіті бақылап отыр. Сондықтан бүкіл жұмыс ашық әрі түсінікті, кәсіби деңгейде жүргізілуге тиіс. Халыққа саясатымызды түсіндіру керек.

Мемлекет қаржысын барлық деңгейдегі бюджетке рационалды әрі әділ бөлудің маңызы зор. Тіпті ауылдық округтерге дейін қамтылуға тиіс.

Жалпы сипаттағы трансферттерді есептеген кезде барлық диспропорцияны ескергеніміз жөн. Республикалық бюджеттен, ең алдымен, кенжелеп қалған белгілі бір өңірді жалпы елдің даму деңгейіне жақындататын жобалар қаржыландырылуға тиіс. Әйтсе де барша аймақтың мәселелері мен қажеттіліктері Үкіметтің жіті назарында болуы керек. Өңірлердің даму қарқыны бәсеңдеуіне және әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлауына мүлдем жол беруге болмайды. Дәл осы себепті мен бүгін әлеуметтік салық проблемасына назар аудардым. Тағы да байыппен қараңыздар.

Қазір аймақ әкімдерін қаржылық стимулдан айыруға болмайды деп ойлаймын. Сайып келгенде, өңір дегеніміз — тұтас ел. Сондықтан мұның шешімін табыңыздар. Алдағы уақытта тағы да кездесіп, бұл мәселелерді талқылаймыз.

Мемлекеттік бюджеттің жоспарлануы мен орындалуы көбіне инфляция үдерістерін бақылау шараларының тиімділігіне байланысты. Ұлттық банк пен Үкіметке батыл әрі қалыптан тыс, бірақ сындарлы шешімдер қабылдауға тура келеді.

Өлемдегі экономикалық конъюнктура тез өзгеріп жатқан кезеңде таптаурын жолмен жүруге болмайды. Ол заман келмекке кетті. Өлем өзгеріп жатқанын көріп отырсыздар. Жаңа мән, жаңа форматтар, ұғымдар мен тәсілдер пайда болуда. Бұл инфрақұрылымдық үдерістер мәселесіне де қатысты. Демек қабылданған шешімдер күрделі сын-қатерлерге сай болуға тиіс.

Жолдауда цифрлық активтер айналымына қолданылатын тәсілдерді өзгерту қажет екенін айтқан едім. Қазір мұндай активтерді тек Астана халықаралық қаржы орталығындағы криптобиржа базасында ғана заңды түрде пайдалануға болады.

Алайда, сарапшылардың бағалауынша, Орталықты сауда алаңы ретінде қазақстандық криптоинвесторлардың небары 5 пайызы пайдаланады. Қалғаны астыртын жұмыс істейді. Цифрлық активтердің заңды түрде қолдану аясын кеңейтуге арналған инфрақұрылымды жедел құру керек. Қаржы саласының реттеушілері тиісті заңнама базасын қалыптастыруды қолға алғаны жөн.

ЖЕТІНШІ. Маңызды жобаларды қаржы көздерімен қамтамасыз ету керек.

Екінші деңгейдегі банктердің ресурстарын үкіметтік бағдарламаларға, атап айтқанда, ірі инфрақұрылымдық жобалардың құрылысы мен жаңғырту жұмысына тартуға болады және тарту керек деген мәселе көп айтылды.

Мемлекет бөлетін қаражатты кезек-кезеңмен несие мөлшерлемесін субсидиялауға қарай бағыттау керек.

Бұл қаржыландыру көлемін бірнеше есе ұлғайтып, банктердің ақшасын экономикалық айналымға қосуға мүмкіндік береді.

2017 жылдан бастап 2020 жылға дейін бірқатар ірі банкке мемлекет тарапынан, соның ішінде Ұлттық қор есебінен 15 жыл мерзімге қаржылай қолдау көрсетілгенін білесіздер. Бұл көмек банк акционерлері де ортақ жауапкершілікке ие болады деген талаппен берілді. Кейбір банктер өз шығындарын әлдеқашан өтеген. Бірақ мемлекеттің иелігіндегі қаржыны қайтаруға асықпайды. Тіпті оны жоғары пайызбен тәуекелі аз мемлекеттік қаржы құралдарына салып, кепілді табыс тауып отыр. Үкімет пен Ұлттық банкке шара қабылдауды тапсырамын.

Бір нәрсені атап өткім келеді: банктер Үкіметтің, соның ішінде халықтың жауы емес. Бірақ диалог негізіндегі әділ сөріктестік орнауға тиіс. Кезінде сіздерге көмектестік, енді сіздердің кезектеріңіз келді. Қомақты қаражат бергеніміз рас.

Бизнестің кепілге қоятын мүлкінің болмауы нақты секторды кредиттеуге кедергі келтіреді. Сондықтан займды кепілдендіру құралдарын көбейту қажет. Үкімет салалық даму институттарымен бірлесіп, кепілдік қорын құру мәселесін пысықтауы керек. Банктердің, корпорациялардың, орталық және жергілікті билік органдарының жыл сайынғы жарнасы есебінен қаржыландырылатын мұндай қорлар бірқатар елде өз тиімділігін көрсетті.

Сондай-ақ экономикалық қайтарымы жоғары стратегиялық жобаларды жүзеге асырған кезде Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қорынан нарық шарттарына сай «ұзақмерзімге берілетін» қаржыны анағұрлым белсенді тартуға болады.

СЕГІЗІНШІ. Әлеуметтік қолдау ісін реттеп, денсаулық сақтау, білім беру және ғылым саласын одан әрі дамыту қажет.

Мен мемлекеттің әлеуметтік бағдарламаларын мейлінше әділ қаржыландыру туралы тапсырма бердім. Үкімет бұл жұмысты бастады. Былтыр денсаулық сақтау саласының өзінде 140 миллиардтан астам теңге орынсыз шығын анықталып, тиімді жұмсалды. Демек жауапкершілікпен қараған кезде қосымша қаражат көзін де табуға болады.

(Жалғасы 4-бетте).

ЕЛ ДАМУЫНДАҒЫ ЖАУАПТЫ КЕЗЕҢ

І Басы 1-2-3-бетте.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін реформалауды жалғастыру керек. Сонымен қатар бірқатар заңнамалық шара қабылдау қажет. Үкімет Парламентпен бірге міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіру туралы заң жобасын жедел пысықтауы керек. Құжат осы сессияның соңына дейін қабылдануға тиіс.

«Ауылдағы денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту» ұлттық жобасы аясында екі жылдың ішінде халыққа алғашқы дәрігерлік көмек көрсететін 460 нысан пайдалануға берілді. Тағы 195 нысан жыл соңына дейін салынып бітеді. Ауқымды жұмыс. Алайда көпбейінді орталық аудандық ауруханаларды жаңғырту жұмысы өте баяу жүріп жатыр.

Жоспар бойынша биыл 32 ауруханаға жөндеу жүргізілуге тиіс. Бірақ оның тең жартысының жобалық-сметалық құжаты енді ғана әзірленіп, сараптама жасалып жатыр. Жұмыс созылып кетті. Бұл мекемелерді медициналық құралдармен жабдықтау мәселесі де шешімін тапқан жоқ. Аталған мәселені дереу шешіңіздер.

Үкімет пен әкімдер алғашқы көмек көрсету нысандарының барлығын жыл соңына дейін түгел іске қосуы керек. Ал көпбейінді орталық аудандық ауруханаларды жаңғырту жұмыстарын келесі жылдың соңына дейін аяқтауды тапсырамын.

Мектепке дейінгі және орта білім беру саласында әділ бәсеке болуы қажет. Бюджет қаржысын үнемдеп, қаражаттың ашық жұмсалуды қамтамасыз ету маңызды. Бұған жол ашатын тәсілдерді енгізу жұмыстарын жалғастыру керек. Осы орайда мектепке дейінгі мекемелерді ваучерлік тәсілмен қаржыландыратын пилоттық жобаны атап өткен жөн. Мемлекеттік тапсырыс белгілі бір білім беру мекемесіне байланып болды. Соның нәтижесінде, ата-аналар балабақшаны өздері тандауға мүмкіндік алды. Аталған жоба қаншалықты тиімді, орынды екенін қарау керек. Егер талапқа сай болса, бұл тәжірибені орта білім беру саласына енгізуге болады. Тұрғылықты жеріне қарамастан, әрбір баланың білім алуына қолайлы жағдай жасау – мемлекеттің міндеті.

Биыл «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы

аяқталады. Барлық аймақта заман талабына сай тірек мектептер желісі құрылып жатыр. Менің тапсырмаммен үш жыл ішінде тағы 1300 мектеп жаңғыртудан өтеді.

Бұдан бөлек, Үкімет заманауи мектептер салуға қолайлы жағдай жасап, орта білім беру саласына жеке инвестиция тартуы қажет.

Биыл – Жұмысшы мамандықтар жылы. Осыған орай, маңызды іс-шаралар мен жобалар жүзеге асырылмақ. Еңбек адамының абырой-беделін арттыру үшін нақты жұмыс жүргізіледі. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін түбегейлі жаңғырту ісін бастау керек. Жауапты мекеменің бәрі және ең бастысы, жеке сектор бұл іске белсене араласуға тиіс.

Бизнес бұл салаға көбірек келуі үшін техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдарға арналған мемлекеттік тапсырыс көлемі артады. Оның мөлшері де біркелкі болады. Бұған биыл бюджеттен қосымша 22 миллиард теңге бөлінеді. Бұл ретте әкімдерге зор жауапкершілік жүктеледі. Олар кәсіпкерлермен бірлесіп, аймаққа қажетті мамандықтар тізімін анықтауы керек. Сондай-ақ сұранысқа ие кадрлар даярлау үшін колледждерге бағыт-бағдар беруі қажет.

Ғылым және жоғары білім саласындағы реформалардың қарқыны мен сапасын сақтау маңызды. Білім беру тапсырысын оқу орындарының рейтингіне қарай бөлу жұмысы Үкіметтің бақылауында болуға тиіс.

Соңғы жылдары мемлекет ғылымға бөлінетін қаражат көлемін едәуір арттырды. Әлі де арттыра береді. Бірақ бұл қаржы нақты мақсатқа сай жұмсалуды қажет. Бюджет қаржысын сапалы әрі сұранысқа ие зерттеулер жүргізетін университеттер, институттар мен ғалымдар ғана алуы керек.

* * *

Алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін тұтас мемлекеттік аппарат тиімді жұмыс істеуі керек. Әкімдерді тікелей сайлаудың нәтижесінде мемлекеттік қызметшілердің жаңа санаты – сайланатын басшылар пайда болды. Бұл – екі жарым мыңнан астам басшы лауазымындағы қызметкер деген сөз. Олардың арасында бұрын мемлекеттік қызметте жұмыс істемеген азаматтар, соның ішінде жа-

стар көп. Сол себепті сайланған әкімдер мен түрлі деңгейдегі басшыларды кешенді дайындықтан өткізу мәселесі өте өзекті болып тұр. Үкіметке Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп, «Әкімдер мектебі» оқыту жобасын іске қосуды тапсырамын. Бұл ретте осындай жұмысты жүргізіп жатқан «Аmanat» партиясының тәжірибесін ескерген жөн.

Мемлекеттік аппараттың басты міндеті – азаматтарды толғандыратын өзекті мәселелерді шешу. Ол үшін, ең алдымен, азаматтармен ұдайы байланыста болу керек. Онсыз болмайды. Сондықтан халықтан келіп түсетін өтініштерге айрықша назар аудару қажет. Былтырдың өзінде Президент Әкімшілігіне 50 мыңнан астам өтініш келіп түскен, ал еліміздегі барлық мемлекеттік органдарға шамамен 4 миллион өтініш жолданған. Бұл көрсеткіш жылдан жылға көбеюде.

Бір жағынан, бұл жұрттың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сенетінін көрсетеді. Алайда, сонымен бірге, бұл олардың өтініштері мен мәселелері мемлекеттік органдардың күнделікті жұмысы барысында шешімін таппай жатқанын аңғартады. Сондықтан олқылықтар мен кемшіліктерді жою үшін тиянақты жұмыс жүргізу қажет.

Әдетте азаматтардың өтініштерінің артында адам тағдыры тұрады, сондықтан, бұл жерде барлық құзырлы органдар жұмыла жұмыс істеуге тиіс.

Ақпараттық жұмыс уақыты әрі сапалы жүргізілген жағдайда көптеген мәселені, соның ішінде қоғамда дүрбелең тудырған түйткілдерді ушықтырмай шешуге болатын еді. Сондықтан мұқият ойландырылған қоғамдық коммуникация стратегиясы қажет.

Үкіметтің және әкімдердің қызметі өз халқымызға да, сыртқы әлемге де ашық әрі түсінікті болуы керек. Бірінші басшылар азаматтарды жеке қабылдауға тиіс. Бұл – өте маңызды. Әсіресе, аймақ, қала, аудан басшылары халықпен тікелей байланыста жұмыс істеуі қажет. Дегенмен мемлекет пен қоғамның серіктестігі азаматтарға да зор жауапкершілік жүктейді.

Соңғы кезде заң үстемдігіне және қоғамдық тәртіптің сақталуына басымдық беру қажеттігі дамыған елдерде, тіпті, АҚШ-

тың өзінде жиі айтыла бастады. Біз мұндай пайымға әлдеқашан келгенбіз.

«Заң мен тәртіп» қағидасы халықтың санасына терең орнығуға тиіс. Ол үшін кез келген құқық бұзушылыққа «мүлдем төзбеушілік» қағидасын берік ұстану қажет. Бұл бағыттағы жұмыстар барлық деңгейде ұйымдастырылуы керек. Мұны, әсіресе, аймақ әкімдері мықтап қолға алғаны жөн. Бірақ шектеулер мен айыппұлдарға қатысты мемлекеттің де, қоғам белсенділерінің де ұстанымы кеңілеі қонымды болуға тиіс. Мәжбүрлеу шаралары болмаса, тәртіп орнату мүмкін емес екенін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Сондықтан мемлекеттің іс-әрекеттеріне түсіністікпен қараған жөн. Бұл орайда диалог арқылы қоғамдық келісімге келу керек. Қалай десек те, мемлекет заң тәртібін қамтамасыз ету үшін қабылдайтын шаралар өз елін күстәнәлауға себеп болмауға тиіс. Кейбір азаматтар елімізді мазәк қылуға әуестеніп барады. Мысалы, өзге елдердің өкілдері жоқ жерден «керемет жетістіктерді, табыстарды» тауып алып, оны шетелге жан-жақты насихаттап жатады. Ал біздің азаматтар, олардың ішінде шоу-бизнес өкілдері, өзін өзі «қоғам белсендісі» санайтын жастар, тіпті, депутаттар да бар, Қазақстанға неше түрлі лақап ат қоятын болды. Бұл енді мүлдем түсініксіз, ақылға сыймайтын нәрсе.

Мен бүгін Үкімет жұмысының басты бағыттарын айқындап бердім. Бұл – ірі инфрақұрылым жобалары, цифрландыру және жасанды интеллект, ядролық энергетиканы дамыту, агроөнеркәсіп кешенін нығайту және инвестиция тарту мәселелері.

Экономикамыз дамып жатыр. Бірақ оның қарқыны ойдағыдай емес. Алдымызда ауқымды міндеттер тұр. Оны алдағы бес жылда орындауымыз керек.

Бізге, ең алдымен, білікті және ел мүддесін ойлайтын отаншыл кадрлар керек. Дәл осындай мамандарды тауып, оларды басшылық лауазымдарға тағайындаймыз.

ҚҰРМЕТТІ КЕҢЕСКЕ ҚАТЫСУШЫЛАР!

Бүгін біз еліміздің 2024 жылғы даму нәтижесін қарадық. Қордаланған мәселелерді талқылап, алдағы міндеттерді айқындадық. Басты мақсат – азаматтардың әл-ауқатын арттыру. Алдағы жоспардың бәрін сапалы орындау қажет. Сөз соңында тағы да атап өткім келеді: бізге нақты нәтиже керек. Нәтиже болса ғана даму болады.

akorda.kz

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП



Қазақ елінің тәуелсіздігі мен дербестігін, егемендігін бүкіл әлемге паш ететін рәміздері – Туы, Елтаңбасы және Гімні. Мемлекетіміздің мызғымас негіздерінің бірі саналатын бұл құнды белгілерімізбен халқымыздың сан ғасырлық арман-тілегі, мұқалмас рухы мен қаһармандығы астасып жатыр.

Ұлттық стандарттар талаптарын, сондай-ақ мемлекеттік рәміздерді қолдану мен орналастыру қағидаларын бұзғандар жауапкершілікке тартылады.

Мемлекеттік рәміздерді пайдалану тәртібі стандарт талаптарына сай болуы тиіс. Мемлекеттік рәміздерге қатысты құқықбұзушылық анықталса, кінәлі азаматтарға биылдан бастап 3 000 АЕК көлеміне дейінгі айыппұл салынады. ҚР Қылмыстық кодексінің 372 – бабына сәйкес Мемлекеттік рәміздерді қорлағаны үшін айыппұл, түзеу жұмыстарына 900 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмысқа тартуға, 2 жылға дейін бас бостандығын шектеуге немесе сол мерзімге бас бостандығын айыруға жазаланады.

ҚР Мемлекеттік Туын, Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ, Гимннің мәтінін пайдалану (орнату, орналастыру) қағидаларына сәйкес ҚР мемлекеттік нышандарына арналған экспозиция үшін бөлінген үй-жайлар (үй-жайлардың бір бөлігі) әсем безендірілуге және шаруашылық-тұрмыстық бөлмелерден, кіреберістен және киім ілетін бөлмелерден алыс орналасуға тиіс. Сондай-ақ, ғимараттарға қойылған Елтаңба және Мемлекеттік Туға түнде жарық түсіп тұруы шарт.

ҚР 2007 жылғы 4 маусымдағы №258 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 8 маусымдағы №137 «Ұлттық стандарттарға сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын ауыстыру және жою қағидалары» бұйрығының 2-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік Гимн көпшілік алдында орындалған кезде қатысушылар оны орнынан тұрып айтады (тыңдайды), бұл ретте азаматтар оқ қолын жүрек тұсына қояды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен өзге де ұйымдары шет мемлекеттер аумағында іс-шаралар өткізген кезде Мемлекеттік Гимн Конституциялық заңға, сондай-ақ сол мемлекеттің заңнамасы мен протоколдық практикасына және жергілікті салт-дәстүрге сәйкес орындалады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын салтанатты жағдайда көтеру және тігу кезінде Мемлекеттік Гимн орындалады, бұл ретте қатысушылар жүздерін Туға қарай бұрады.

Данагүл МӨКЕН

ТАРИФ САЯСАТЫ

ЖАНАРМАЙ БАҒАСЫН НАРЫҚ РЕТТЕЙДІ

Энергетика министрі Алмасоғам Сәтқалиев ведомствода өткен брифингте жанар-жағармай бағасын мемлекеттік реттеуді алып тастағаннан кейін Қазақстанда бензиннің құны қандай болатынын айтты, деп хабарлайды KAZ.NUR.KZ.

«Жалпы, нарық жағдайды өзі реттейді деп күтеміз. Мұнай өнімдері бағасының өсуіне жол бермеу үшін мемлекет шектеуші ретінде әрекет ететін болады. Бұл ырықтандыру үдерісін білдіреді. Мемлекетте барлық қажетті тетік бар. Өздеріңіз білесіздер, монополияға қарсы агенттік

қандай да бір желі жоғары монополиялық кіріс ала бастаса, терееуді бастай алады. Біздің болжам бойынша, алғашқы өсім 5 теңгеден аспайды. Біз нарық қатысушыларын осы көрсеткішке бағыттаймыз. Әрі қарай бағаның тым күрт өсіп жатқанын көрсек, әрбір жағдайға шұғыл түрде әрекет ететін боламыз», - деді Энергетика министрі Алмасадом Сәтқалиев.

Энергетика министрі мұнай өңдеу және мұнай өндіру сапаларына инвестиция тарту қажеттілігін ескере отырып, елімізде жанар-жағармай бағасының өсуін болдырмау мүмкін емес екенін атап өтті. Сондай-ақ, Қазақстан бюджетін толықтыру да мақсаттардың бірі екенін алға тартты.

1 АҚПАННАН БАСТАП ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ ҚЫМБАТТАЙДЫ

Энергетика министрінің 2025 жылғы 27 қаңтардағы бұйрығымен электр энергиясының жаңа шекті тарифтері бекітілді.

Құжат электр энергиясын сататын компаниялардың келесі топтары үшін тарифтерді көтеруді көздейді:

- бірінші топ (Б.Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1) – кВт/сағ 8,27-ден 9,5 теңгеге дейін.
- екінші топ (Еуразиялық энергетикалық корпорация) – кВт/сағ 7,98-ден 9,4 теңгеге дейін.
- үшінші топ (Екібастұз ГРЭС-2 станциясы) – кВт/сағ 13,17-ден 15,67 теңгеге дейін.
- төртінші топ (Топар бас тарту электр станциясы) – кВт/сағ үшін 15,32 теңгеден 20,84 теңгеге дейін.
- бесінші топ (Т.И. Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС) – кВт/сағ үшін 17,73 теңгеден 22,58 теңгеге дейін.
- алтыншы топ (Қарағанды энергетикалық орталығы) – кВт/сағ үшін 14,09-дан 17,64 теңгеге дейін.
- жетінші топ (Өскемен ЖЭО) – кВт/сағ үшін 14,27-ден 17,82 теңгеге дейін.
- сегізінші топ (Севказэнерго) – кВт/сағ үшін 18,61 теңгеден 23,17 теңгеге дейін.

- тоғызыншы топ ("Астана-Энергия" АҚ) – кВт/сағ үшін 9,28-ден 11,71 теңгеге дейін.
- оныншы топ (Павлодарэнерго (ТЭЦ-2,3) – кВт/сағ үшін 18,25-тен 24,29 теңгеге дейін.
- 12-топ ("Қазақстан алюминий" АҚ) – кВт/сағ үшін 7,87-ден 8,52 теңгеге дейін.
- 13-топ (Kazakhmys Energy (ЖТЭК, БТЭК) – кВт/сағ 21,42-ден 30,24 теңгеге дейін.
- 16-топ ("Bassel Group LLS") – кВт/сағ үшін 16,73-тен 25,48 теңгеге дейін.
- 18-топ ("Степногорск ЖЭС") – кВт/сағ үшін 28,97-ден 38,67 теңгеге дейін.
- 22-топ (Кентау сервис МКҚК) – кВт/сағ 7,07-ден 37,12 теңгеге дейін.
- 23-топ (Арқалық ТЭК ГКП) – кВт/сағ 8,44-тен 13,13 теңгеге дейін.
- 26-топ (Алматы электр станциялары, ЖЭО-1,2,3, Қапшағай СЭС, Каскад СЭС) – кВт/сағ үшін 17,82 теңгеден 20,93 теңгеге дейін.
- 11, 14, 24, 29, 30, 32, 35, 36, 43-48, 56-60 компаниялар тобы бойынша тарифтер өзгеріссіз қалды.
- Сондай-ақ 61 және 62 топтардың тарифтері қосылды – сәйкесінше бір кВт/сағ үшін 18,74 және 28,72 теңге.
- Бұйрық 2025 жылдың 1 ақпанынан бастап күшіне енеді.

В СВЕТЕ ПОРУЧЕНИЙ ПРЕЗИДЕНТА УПРАВЛЕНИЕ ГИДРОТЕХНИЧЕСКИМИ СООРУЖЕНИЯМИ

Для реализации поручения Главы государства в 9 областях страны созданы специализированные организации по эксплуатации и управлению коммунальными гидротехническими сооружениями, в том числе и области Жетісу.

По информации пресс-службы Министерства водных ресурсов и ирригации, на аппаратном совещании ведомства была рассмотрена работа новых учреждений. Учреждения открыты в Акмолинской, Актюбинской, Атырауской, Западно-Казахстанской, Северо-Казахстанской, Костанайской, Кызылординской областях, а также в областях Абай и Жетісу. Таким образом, общее число специализированных организаций по эксплуатации и управлению коммунальными гидротехническими сооружениями в стране достигло 15-ти.

На сегодня Министерство водных ресурсов и ирригации работает над совершенствованием нормативно-правовой базы для регулирования функций, задач и полномочий новых специализированных организаций.

«Акматам необходимо рассмотреть вопрос привлечения квалифицированных кадров в новые учреждения. Для этого нужно повысить заработную плату специалистов, обеспечить их жильем и реализовать другие меры поддержки. Кроме того, учреждения должны быть обеспечены специальной техникой и оборудованием», — отметил министр водных ресурсов и ирригации Нуржан Нуржигитов.

Дарина ЗАКИРОВА

ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ



НОВЫЕ ГОРИЗОНТЫ ДЛЯ ДУАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ И БИЗНЕСА

Текущий год Глава государства объявил Годом рабочих профессий, и это решение открывает новые возможности для развития системы образования и повышения квалификации кадров.

Одним из ключевых шагов в реализации этой инициативы станет усиление взаимодействия между бизнесом и колледжами, особенно в рамках Дорожной карты дуального обучения. Важно отметить, что и в этом направлении Палата предпринимателей области Жетісу не остается в стороне.

По словам директора РПП Даурена Онолбаева, на сегодняшний день в дуальном обучении участвуют 336 предприятий региона, что охватывает порядка 3,5 тысяч учащихся. Это сотрудничество охватывает 14 колледжей и включает 18 отраслей, 35 специальностей и 55 квалификаций. Благодаря таким инициативам студенты получают возможность обучаться не только теоретическим дисциплинам, но и получать практические навыки, непосредственно работая в реальных условиях на предприятиях.

— Ежегодно с 2014 года Национальной палатой предпринимателей РК «Атамекен» проводится мониторинг потребности в кадрах предприятий региона на платформе Министерства труда и социальной защиты населения РК Епбек.Кз. Этот мониторинг позволяет точно определить потребности рынка труда и сформировать государственный заказ по техническому и профессиональному образованию. В результате, образовательные учреждения и учебные центры могут адаптировать свои программы к актуальным запросам предприятий, что способствует улучшению качества подготовки специалистов, — сказал Даурен Онолбаев, отметив также, что особое внимание будет уделено краткосрочному обучению.

НПП «Атамекен» продолжает формировать Реестр учебных центров по профессиональной подготовке по

специальностям технического и обслуживающего труда. На сегодняшний день в Реестр включены 34 учебных центра, которые предлагают обучение по 63 специальностям. Это дает возможность не только молодежи, но и людям, уже имеющим профессию, быстро освоить новые навыки и соответствовать изменениям на рынке труда.

Мероприятия, проводимые в рамках Года рабочих профессий, внесут значительный вклад в развитие системы образования и подготовку высококвалифицированных специалистов в области. Координация взаимодействия между предприятиями и колледжами, стажировки преподавателей, профориентационная работа с молодежью и популяризация рабочих профессий через современные формы коммуникации — все эти шаги способствуют укреплению связи между бизнесом и образовательной системой.

Важность заключения договоров о сотрудничестве между бизнесом и учебными заведениями, подготовка наставников и привлечение специалистов с производства для работы в организациях технического и профессионального образования создают прочную основу для устойчивого развития технического и профессионального образования. Благодаря этому молодежь получает доступ к реальному опыту работы, что значительно повышает их конкурентоспособность на рынке труда.

Палата предпринимателей и образовательные учреждения продолжают работать над созданием сильной и устойчивой системы, которая обеспечит качественную подготовку рабочих кадров и будет способствовать развитию всех отраслей экономики.

Алма УРАЗАЕВА



ЧЕЛОВЕК ТРУДА ЧИСТИМ УЛИЦЫ С ЧИСТОЙ ДУШОЙ!

Работников коммунального хозяйства на улицах областного центра и сел региона мы видим каждый день. Но каждый ли ценит их труд, и часто ли говорят им люди спасибо за чистые тротуары, убранный с площадей снег, аккуратно подрезанные кусты в парках и освобожденные от мусора арыки?

чил профессию газозлектро-сварщика.

После учебы ждать, когда подвернется вакансия сварщика, Канат Мухтарович не стал, он устроился простым рабочим в учреждение «Талдықорған Көркейту», с тех пор и трудится в коммунальном хозяйстве города, и за годы труда дорос до позиции бригадира.

— Работу свою люблю, дорожу ей, стараюсь быть максимально полезным

— Благодарят часто, — рассказывает герой нашего материала о людях труда коммунальщик Канат Тельманов. — И это греет душу, ведь, в любой профессии важно получать не только зарплату, но и моральное удовлетворение от того, что делаешь.

Канат Мухтарович с коллегами вот уже одиннадцать лет заботится о чистоте областного центра — Талдықорғана, и низкий поклон этим сильным людям за их нелегкий и благородный труд.

Талдықорған для Тельманова родной город, он появился здесь на свет в 1996 году, окончил среднюю школу №8, затем завершил технический гуманитарный колледж, полу-

обществу, — рассказывает герой нашего материала. — Результаты труда всегда радуют, а, вот, люди порой огорчают. Расстраиваюсь, когда вижу, как кто-нибудь из проезжающих мимо автомобилистов, приоткрыв окно, швыряет пустую бутылку или банку от напитка в арык. Досада берет, когда дети мусорят, ведь, их же надо приучать к чистоте. У меня самого три сыночка и дочка, и я к экологическому образованию и воспитанию своих детей отношусь строго.

Целыми днями Канат Тельманов и его товарищи трудятся на улицах, а время наш герой предпочитает проводить в кругу семьи, отдыхать дома,

общаться с детьми, рассказывать домочадцам о том, как прошли будни. Обязательно бригадир Тельманов перед сном смотрит в Интернете прогноз погоды на завтра.

— Это очень необходимая мне информация, — рассказывает он. — От того, какая будет погода, зависит, как нужно одеться на работу, какие инструменты взять с собой, что вообще придется делать — снег, например, убирать или с лужами бороться. Прогноз погоды гляну, и списываюсь с бригадой, вместе мы планируем завтрашний рабочий день.

Несмотря на, скажем так, энергоемкость его профессии, сил на уборку территорий уходит немало, Канат Тельманов говорит, что работа его не сложная.

— Не трудно мне наводить чистоту в родном городе, — говорит он. — Это к тому же позитивный труд, результат которого ты видишь сам.

Единственное, просит земляков наш герой внимательнее относиться к чистоте вокруг.

— Каждый должен ее соблюдать, и вокруг всегда будет порядок, — говорит он. И это действительно так.

Наталья ДЕНИСОВА
Фото
Жумабая МУСАБЕКОВА

МАЛЫЙ БИЗНЕС

ПЕЛЬМЕШКИ «АЯШКИ» - РЕАЛЬНЫЕ ВКУСНЯШКИ

В последнее время рынок замороженных полуфабрикатов демонстрирует устойчивый рост. Этому способствует увеличение количества населения, укрепление темпа жизни в городах, растущее желание потребителей сэкономить время на приготовление пищи.



Индивидуальный предприниматель Зауреш Байжанова имеет опыт в сфере производства полуфабрикатов с 2014 года. До 2022 года осуществляла производство и реализацию заготовок под брендом «Уральские», затем продала бизнес вместе с торговой маркой.

В 2023 году Зауреш Байжанова решила возобновить деятельность, выкупив цех в городе Талдықорғане, и стала выпускать полуфабрикаты под торговым знаком «Аяшки».

— Готовые пельмени, вареники, манты пользуются большой популярностью у жетісуцев. Вся продукция делается по принципу: «Как для взрослых, так и для детей». В работе для нас это один из основополагающих приоритетов. Безусловно, соблюдаем санитарную гигиену и придерживаемся чистоты, что является залогом качественной произве-

денной продукции. Ко всему этому, мы работаем с проверенными крестьянскими хозяйствами, которые поставляют нам хорошее мясо и овощи, — отметила Зауреш Байжанова.

Узнав, что существуют государственные программы поддержки через Фонд «Даму» и банки второго уровня, предприниматель обратилась в АО «Народный Банк Казахстана» за кредитованием на пополнение оборотных средств. В свою очередь Фонд «Даму» в рамках «Единой комплексной программы» просубсидировал процентную ставку и предоставил гарантию в части недостающего залогового обеспечения.

Напомним, ассортимент бренда «Аяшки» включает пельмени, манты, вареники. При изготовлении полуфабрикатов используются качественные натуральные ингредиенты и применяется ручная лепка. Замороженные изделия реализуются через супермаркеты и магазины у дома по городу Талдықорғану.

Алмагуль ЖАНДОСҚЫЗЫ

АЛҚА МӘЖІЛІСІ

ҰЛТТЫҢ РУХАНИ КЕЛБЕТІ

Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының 2024 жылы атқарған жұмыстарының қорытындысы және 2025 жылдың міндеттері туралы алқа мәжілісі өтті. Күн тәртібінде мәдениет және архив саласының қызметі, өткен жылғы жеткен жетістіктер мен ағымдағы жылы атқарылатын ауқымды шаралар, өзекті мәселелер қаралды.



Биылғы жылы бірқатар халықаралық, республикалық фестиваль мен байқаулар, Шоқан Уәлихановтың 190 жылдығына орай республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция, Бақтыбай Жолбарысұлының 190 жылдығына республикалық ақындар айтысын өткізу және «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында мәдени шараларды ұйымдастыру жоспарланып отыр. Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен ардагерлеріне арналған монументтер, обелискілер, ескерткіштерге ағымдағы жөндеу, абаттандыру сынды жұмыстар жүргізілмек. Сондай-ақ, атаулы күнге орай Жетісу өңірінен майданға қатысқан соғыс ардагерлерінің ерліктері, мерт болған және із-түссіз жоғалған боздақтар туралы кітап шығару жоспарлануда. Қазіргі таңда, бұл бағытта облыстық, мемлекеттік, республикалық Ұлттық және Ресей архивтерімен байланыс орнатылып, зерттеу, жинақтау жұмыстары жүргізілуде.

Жетісу облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменов «Мәдениет пен өнер – ел өміріндегі өте маңызды сала. Өнер – ұлттың жаны, ал мәдениет – рухани келбеті. Бұл қос құндылық өркениетіміздің

өзегі. «Қазақтың бітім-болмысын оның төл өнерінен көруге болады», – деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай мәдениет пен өнерді дамыту мемлекетіміз үшін негізгі басымдықтардың бірі болып саналады. Осы орайда, облыс бойынша ұлт руханиятын жаңғырту ісіне қатысты нақты іс-шаралар қолға алынып жатқанын атап өткім келеді. Облыста ел мәдениетін арттырып, ұлттық өнерімізді өркендету жолында барлығы 314 мәдениет, архив мекемелері халыққа қызмет етеді. Басқарма тарапынан Мәдениет саласының инфрақұрылымын жан-жақты дамытуға соңғы жылдары баса мән беріліп келеді. Жетісу облысы құрылғаннан бастап 7 ауылдық мәдениет үйлеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 4 жаңа мәдениет ғимараттары салынды. Сонымен қатар, 7 ауылға блокты-модульдік клубтар орнатылып, қолданысқа берілді»-деп салада кемшіліктер мен өзекті мәселелер де жоқ еместігін баса айтты. «Атадан балаға мұра болып келе жатқан төл өнеріміз жыр, терме, айтыс облыс көлемінде кенжелеп қалды. Осыған, орай барлық аудандар мен қалалардың елді-мекендерінде ұлттық өнерімізді ұлықтау бағытында жұмыстар атқаруды ұсынамын. Бұл бағытта облыстық

халық шығармашылығы орталығы арқылы жұмыстар басталды. Өр елді-мекенде ұлттық өнерге бейім жастарды тартып, әдістемелік көмек көрсету үшін облыстық білім басқармасына хат жолданып, аудан, қала мәдениет үйлеріне тапсырмалар берілді. Өздеріңізге белгілі былтырғы жылы «Жер жанның - Жетісу» телевизиялық жобасында көптеген олқылықтар анықталды. Ережедегі әр жанр бойынша арнайы қазылық өткен кәсіби мамандардың өте төмен бағалауы, кемшіліктерін түзету бағытында айтқан сын-пікірлерін ескере отырып, жұмыстану қажет. Өздеріңіз көріп отырғандай мәдениет үйлері мен клубтардың атқарған жұмыстары 7 бағыт бойынша сарапталды. Бұл ретте Көксу, Сарқан аудандары мен Текелі қаласының мәдениет үйлері төменгі көрсеткіште тұр. Аудандық, қалалық мәдениет үйлерінің жанынан құрылған 5 Халықтық атағы бар және 9 жаңадан құрылған театрлар жұмыс жасайды. Жалпы штат саны 34 бірлік. Оның ішінде, аудан бойынша халықтық театрлар арасында Көксу ауданындағы Мұқыры халық театрында 15 штат бірлігі болса да, былтырғы жылы театр мүлдем жұмысын көрсете алмады, яғни, жаңа қойылымдар жоқ, гастрольдік сапарларға шықпаған. Кітапхана саласына тоқталып өтсем,

аудандық, қалалық кітапханалардың 2024 жылы атқарған жұмыстары 9 бағыт бойынша сарапталды. Кітапханалардың негізгі мақсаттарының бірі кітап қорын толықтыру және Web-РАБИС бағдарламасы арқылы электронды каталогқа қордағы кітаптарды енгізу. Осы орайда, айта кетсек қордағы кітаптарды электронды каталогқа енгізуде Талдықорған қаласының 9 кітапханасы алдыда келе жатыр, 348 728 дана кітапты толық электронды каталогқа енгізді. Алдағы уақытта кітапхана қорын электронды каталогқа енгізу, кітапханаға келушілердің қызығушылығын арттыру бағыттарында жұмыстарды жандандыру қажет»-деп нақты тапсырма жүктеді. Жиынға қатысқан облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов «Қазақстан халықтарының мәдени даму қарқынын арттыру жолында, мәдени саясатты жандандыруда, Жетісудың мәдениетінің өркендеуіне аянбай еңбек етесіздер деген сенімдемін. Алқа мәжілісінде берілген тапсырмалардың уақытылы орындалуын басқарма басшысы және аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары қатаң бақылауға алсын» – деп қорытындылады.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА
Суретті түсірген –
Жұмабай МҰСАБЕКОВ

ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ
МЕН ҰЛТАРАЛЫҚ БІРЛІК

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай өңірде бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылуда. Мұндағы мақсат - Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін, оның еліміздегі этносаралық келісімді нығайтудағы маңыздылығын көрсету.

ҚХА 30 жылдығы аясында Талдықорған қаласы индустриалды колледжінің студенттерімен кездесу өтті. Жиын барысында ұрпақтар сабақтастығы, адами құндылықтар, тәрбие, мамандықтың рөлі жөнінде айтылды. «Қоғамдық келісім» КММ өкілі, Жетісу облыстық Аналар кеңесінің мүшелері, өңірлік «Ассамблея жастары» ҚБ белсенділері Ассамблеяның тарихы, оның құрылуы, қызметі, жетістіктері мен қоғамдағы рөлі туралы мәліметтермен бөлісіп, студенттермен өзара пікір алмасты. Сонымен қатар, мерейтой аясында Жетісу облысы ҚХА жанындағы облыстық Аналар кеңесінің «Ақ орамал» акциясы бастау алды. Аталмыш акция - қоғамдағы бейбітшілік пен татулықты насихаттауға бағытталған ерекше шара. Ұйымдастырушылар мұндай акциялар дәстүрлі құндылықтарды дәріптеп, ұрпақтар арасындағы байланысты бекітуге көмектеседі деп атап өтті.

Назерке ӘБІЛҒАЛИҚЫЗЫ



ЖҰМАТАЙ ЖАҚЫПБАЕВҚА – 80 ЖЫЛ

ШАБЫТЫ ТУҒАН ЖЕРДЕН НӘР АЛҒАН

Өтенай ауылдық №5 кітапхана филиалында «Шобыты туған жерден нәр алған» ақын Жұматай Жақыпбаевтың туғанына 80 жыл толуына орай поэзия сағаты №21 мектептің 5 «ғ» сынып оқушыларымен өтті.

Мақсаты – Жұматай Жақыпбаевтың шығармашылығын насихаттау, поэзия әлеміндегі ерекше қолтаңбасын таныту, өскелең ұрпаққа рухани тәрбие беру.

Шара барысында оқырмандарға ақынның өмір жолы, шығармашылығы және қазақ әдебиетіндегі орны жан-жақты таныстырылып, ақын жайында естеліктер айтылды. Оқушылар оның жүрекке жылы тиетін, сыршыл өлеңдерін оқыды.

КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК
ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ
БАР БАЛАЛАРДЫ ЕМДЕУ

Жетісу облысында 1,5 жас пен 18 жас аралығындағы ерекше қажеттіліктері бар балаларға мамандандырылған әлеуметтік қызмет көрсететін күндізгі емдеу орталығының мүмкіндігі ұлғайды. Талдықорған қаласында орналасқан орталықта ашылған жаңа бөлімнің арқасында оның сыйымдылығы 110 жатын орынға өсті.

Аумағы шамамен 470 шаршы метрді құрайтын жаңа ғимарат заманауи стандарттар мен талаптарға толық сәйкеседі. Онда ем алатын балалар жасына және денсаулық жағдайына қарай екі топқа бөлінген.

– Бөлімді ашудағы басты мақсат – мүгедек балалардың қоғам үшін маңызды екендігін ұғындыру және оларды өмірге бейімдеу. Біз мұнда әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық көмекті қосқанда, 8 түрлі қызмет көрсетеміз. Сонымен қатар, отбасыларға ыңғайлы болу үшін әлеуметтік такси қызметтері ұсынылады. Балаларды орталыққа апаратын және қайтып әкелетін 4 автокөлік таңғы сағат 8:00-ден 17:00-ге дейін, сенбі және жексенбі күндері де жұмыс істейді, – дейді орталық директорының әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары Назгүл Бүркітбаева.

Жаңадан ашылған орталыққа келіп жүрген балалардың ата-аналары осындай мүмкіндікке ризашылық білдіріп, алғыс жаудыруда. Сондай ананың бірі Сәния Теңізбаева:

– Біз үшін «Бейтерек» орталығының тоқтаусыз жұмыс істеуі үлкен қолдау. Міне, орталықтың жанынан жайлы, жарық, жылы жаңа бөлімше ашылды. Қызым орталықтан кәсіби көмек алып қана қоймай, өзін ұжымның бір бөлшегі, үлкен және тату отбасының бір мүшесі ретінде сезініп келеді. Ана ретінде қызым үшін орталық мамандарының әрқашан қасында болып, көмектесіп, бағыт-бағдар беріп отыруы маңызды деп есептеймін, – деп өз ойын ортаға салды.

Қарлығаш Тұтқабаева есімді ана да өз тілегін былай жеткізді:

– Жаңа филиалдың ашылуы – біз үшін шын мәнінде үлкен және қуанышты оқиға. Өйткені, мұнда балаларымыз өзіне сеніп, өмірден өз орнын табуына көмектесетін мамандардың кеңесін алады.

Жетісу жерінде мүмкіндігі шектеулі жандарға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін 1566 орындық 13 мекеме бар. Былтыр бұл мекемелер 1512 әлеуметтік қызмет көрсетіп, мүгедектердің емин-еркін жүріп-тұруына мүмкіндіктер ұсынды. Сондай-ақ, өткен жылы 168 нысанда мүмкіндігі шектеулі жандарға бейімдеу жұмыстары жүргізілді.

Естеріңізге сала кетейік 2025 жылы Талдықорған қаласында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған 150 орындық оңалту орталығының құрылысын бастау жоспарлануда.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ЕЛ ҚАМЫ

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС
КӨТЕРГЕН КЕЛЕЛІ
МӘСЕЛЕЛЕР

24 қаңтарда Талдықорған қаласының Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы өтіп, күн тәртібі бойынша алдымен «Талдықорған қаласының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті туралы» Талдықорған қаласы мәслихатының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы №29-174 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімінің жобасы қаралды.

Аталған шешімнің жобасымен «Талдықорған қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ басшысы Қайрат Мәженов баяндама жасап, таныстырды. Кеңес мүшелері оны бірауыздан қолдап, мақұлдады. Екінші, Еңбек ардагері, «Алматы облысының Құрметті азаматы» Ш.А. Тергеуованың «Батырлар аллеясын» құру туралы ұсынысы да бірауыздан қабылданды. Кеңес мүшелерінің назарына ұсынылған «Тұтынылған жылу энергиясына ақы төлеу бойынша есеп айырысуларды өзгерту мәселесі бойынша қала тұрғындарының өтініштері туралы» үшінші мәселе біраз дау-дамай туғызды. Талдауды қажет ететіндіктен оны қарау кейінге қалдырылды.

Сонымен қатар осы аптаның сәрсенбісінде сәтінде, яғни қаңтардың 29-ы күні Қоғамдық кеңестің кезекті 48-ші отырысы өтті. Күн тәртібімен таныстырған Кеңес төрағасы Жексембай Мейрембаев қаралатын мәселелердің барлығы талдықорғандықтар үшін аса маңызды екеніне тоқталды. Талдықорған қаласының оқушыларын жазғы демалыс лагерімен қамту кеңес тарапынан қатарынан 3 жыл бойы көтеріліп келеді. Ел болашағы саналатын балалардың жаз айында денсаулығын шыңдап, жақсы демалуы – олардың сабақ оқуға ынтасын арттырып, көңіл-күйін көтеретіні сөзсіз. Қазіргі таңда Талдықорған қаласында 2024-2025 оқу жылында 34 мың 401 оқушы білім алуда. Балалардың жазғы демалысын ұтымды ұйымдастыру, олардың әлеуметтік тұрғыдан қорғалуы туралы баяндама жасаған Жетісу облысы білім басқармасы басшысының орынбасары Қайрат Қасымов биыл Талдықорған қаласындағы облыстық денсаулық сақтау басқармасының теңгеріміндегі «Күншуақ» сауықтыру орталығын білім басқармасының қарамағына беру жұмыстарының басталғанын айтты. 18 ғимараттан тұратын бұл орталықта 75 баланы демалдыруға мүмкіндік болады. Кеңес мүшелері бір маусымда 75 баланы ғана тынықтыру аздық ететініне наразылық білдірді. Жыл сайын мектеп жанынан ашылатын жазғы лагерлерде демалатын балаларды да бір мезгіл тамақпен қамту керектігін және жерұйықты өлкенің кез келген аумағынан мыңдаған баланы қамтуға болатын үлкен лагерь ашып, еліміздің түкпір-түкпірінен балаларды қабылдап, демалатындай жағдай туғызатын уақыттың жеткенін айтты. Ел боламын десең бесігіңді түзе демекші, бүгінгі бала – ертеңгі маман, яғни елдің тұтқасын ұстар азамат. Сондықтан да Қоғамдық кеңес мүшелері білім басқармасы өкілдеріне балалардың болашағы үшін мемлекет деңгейінде қаражат бөлінуіне ықпал етулерін сұрады. Талдықорған қаласын көгалдандыру бойынша жұмыс, биылғы жылы күзгі ағаш отырғызу және Мемлекет басшысының ел аумағында 2 млрд ағаш отырғызу жөніндегі тапсырмасын орындау жөніндегі 2025 жылға арналған жоспарлар, шаруа қожалықтарының егістік алқаптары мен халықтың бау-бақшасын суару үшін қаланың суландыру жүйесінің қиын жағдайын жою және суармалы жерлерді суаруды жақсарту бойынша қабылданып жатқан шаралар, қаланың арық желілерінің 2025 жылы пайдалануға дайындығы туралы мәселені де кеңес мүшелері жан жақты талқылап, жауапты өкілдерге сауалдарын қойды.

Жексембай МЕЙРЕМБАЕВ,
Талдықорған қалалық Қоғамдық кеңес төрағасы:
– Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» акциясы ұлттық идеологиямыздың аса маңызды бөлігіне айналуға тиіс екенін қайталап айтуы, қоғамдағы экологиялық мәдениетті өркендетуге жауапкершілікті күшейте түсері сөзсіз. Талдықорған қаласында жыл сайын көктем мен күз айларында мыңдаған ағаш көшеттері отырғызылады. Отырғызған соң, оны баптап, күтімге алу керек. Үнемі суарып, қарамаса ертеңгі күні құрап қалады ғой. Қаланың арық желілерін де талапқа сай орналастыру керек. Көгалдандыру ісіне қаражат аз бөлініп отырған жоқ. Арықтарды жүргізу жұмыстарына да жауапкершілікті күшейткен жөн. Ескелді ауданы мен Талдықорған қаласының шаруашылықтарын суармалы сумен қамту ісі Ескелді өндірістік учаскесінің құзырына берілген. Талдықорған қаласы – Жетісудың бас қаласы болғандықтан да оны өз алдына жауапты мекеме ретінде құру қажет деп есептейміз. Жалпы, біз бүгінгі көтерілген барлық мәселе бойынша қалалық әкімдікке Қоғамдық кеңес тарапынан ұсыныстар әзірлейміз. Бәрі шешімін табады деп ойлаймын.

Гүлжанат МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

СЕССИЯ

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАЛЫҚ
МӘСЛИХАТЫНДА

Биылғы жылдың 28 қаңтарында Талдықорған қалалық мәслихатының VIII шақырылымы кезектен тыс XXXII сессиясы өтті. Сессияға қала әкімі Е.Бәзіл, әкімнің орынбасары, бөлім басшылары, бұқаралық ақпарат құралдары қатысты.

Сессияда Талдықорған қалалық мәслихатының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы №29-174 «Талдықорған қаласының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы мәселе қаралды.



Сессияның күн тәртібіндегі мәселе бойынша қалалық мәслихат депутаттары тиісті шешім қабылдады. Сессия соңында қала әкімі Е. Бәзіл сөз сөйледі.

В ТАЛДЫКОРГАНСКОМ ГОРОДСКОМ МАСЛИХАТЕ

28 января текущего года состоялась внеочередная XXXII сессия Талдыкорганского городского маслихата VIII созыва. В сессии приняли участие аким города Е. Бәзіл, заместитель акима, руководители отделов и представители средств массовой информации.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ӘЛЕУМЕТТІК САУДА НҮКТЕЛЕРІНЕ
ХАЛЫҚ ДӘН РИЗА

28 қаңтар күні Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтіп, онда еліміздің өткен жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындысы шығарылып, алдағы кезеңге арналған негізгі міндеттер тұжырымдалған болатын. Отырыс барысында қаралған өте өзекті мәселелердің қатарында агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін арттыру қажеттігі де айтылды.

Былырғы жылы көктемгі егіс науқанына берілген арзан несие көлемінің артуы ауыл шаруашылығын дамытуға едәуір септігін тигізген. Биыл осы науқанға 700 миллиард теңге бөлу қажет деген Президент тиімділігі төмен субсидиялау тәсілінен жеңілдікпен несие беру тәсіліне көшу қажеттігін Үкіметке тапсырды. «Былыр диқандарымыз мол астық жинады. Бірақ, бидай бағасы тым арзандап кетті. Шаруаларды қолдауға және ішкі нарықты тұрақтандыруға Азық-түлік корпорациясы атсалысты. Бірақ бұл-уақытша шешім. Көбірек табыс әкелетін дәнді-дақылға көшуді жалғастыру қажет. Сондай-ақ шикізатты сақтау және оны терең өңдеу мүмкіндіктерін арттыру маңызды. Өнімді шетелге шығаруға қолдау көрсету керек», - деді. Жаһандану заманында басқа елдермен тереземіз тең болу үшін атқарылар іс аз емес, әрине. Десек те, маусым сайын азық-түліктің бірқатар түріне баға шарықтап шыға келеді. Қаңтар айының екінші жартысында картоп бағасы қымбаттап, халықты дүрбелеңге салғанына куәміз. Осы орайда ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі 28 қаңтардан бастап жаңа піскен немесе салқындатылған картопты еліміздің аумағынан тысқары әкетуге, яғни экспорттауға тыйым салды. Мұндай шешім өнім тапшылығына байланысты қабылданған. Картоп және де басқа да халық сұранысына ие тауарларға бағаны ырықтандыру мақсатында Жетісу облысының әкімдігі әлеуметтік сауда орындарын көптеп ашу шараларын қолға алды. Соның ішінде Талдықорған қаласында 7 әлеуметтік дүкен, 5 көше сауда нысаны іске қосылды. Ол дүкендерде нан, 1 сортты ұн, қант, күріш, кеспе, құнбағыс майы, қарақұмық, тұз, тауық еті, жұмыртқа, сиыр еті, картоп, пияз, сәбіз және қырыққабат басқа сауда нүктелеріне қарағанда 2-3 есе арзан бағамен халыққа ұсынылуда.



Ернат БӘЗІЛ, Талдықорған қаласының әкімі:

– Облыс әкімінің әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес, әлеуметтік сауда орындары ашылып, халықтың жиі тұтынатын азық-түлік түрлері мен көкөністер тиімді бағада сатылуда. Бағаны тұрақтандыру мақсатында жергілікті тауар өндірушілермен келісімшарт жасалып, күз кезінде арнайы қоймаларға үлкен қор жиналды. «Жетісу ӘКК» арқылы тұрақтандыру қорынан азық-түлік әлеуметтік сауда орындарына үздіксіз жеткізілуде.

Ардақ СЕРІҚҰЛЫ, кәсіпкер:

– Осы әлеуметтік сауда нүктесінде жұмыс жасап жатырмыз. Таңертеңнен кешке дейін мұнда келетін халық саны көп, өзіңіз көріп отырғандай. Саудаланып жатқан барлық өнім – отандық. Жетісу облысының өнімдері. Тұрғындар дән риза деп ойлаймын. Баға – тұрақты.

Әділбек КЕНЕЕВ, Талдықорған қаласының тұрғыны:

– Облыс, қала басшыларына еліміз бойынша баға шарықтап кеткен кезеңде осындай мүмкіндіктер туғызып, арзан азық-түлік алуға қол жеткізгеніміз үшін алғыс айтамын. Мен «Самал» шағын ауданында тұрамын. Үйдің жанындағы дүкендер картоптың бір келісін 300-350 теңгеден саудалап жатыр. Ал, мына әлеуметтік базардан оның кг 180 теңгеден алдым. Оған қоса құнбағыс майын, қырыққабат, қант сатып алдым. Көп рақмет.

Естеріңізге сала кетсек, әлеуметтік дүкендерге қосымша көшедегі әлеуметтік сауда орындары 2 ай тұрақты жұмыс істейді. «Жетісу ӘКК» АҚ әлеуметтік дүкендері мен сауда нүктелерінің тізімі, мекенжайы мен жұмыс уақыты «Талдықорған» газетінің өткен және осы санында жарияланды.

Гүлжанат НҰРШАНОВА

ОБЛЫС ТЫНЫСЫ

«БАСҚУАТТЫҢ»
ЖҮКТЕМЕСІ АЗАЙТЫЛАДЫ

Биыл Жетісу облысының аудан-қалаларында жылумен жабдықтаудың бірнеше маңызды жобасы іске асырылады. Бұл ретте, Талдықорған қаласында қуаты 49 Гкал/сағ болатын қазандықтың құрылысы қолға алынса, жеке инвестиция есебінен «Басқуат» қазандығының базасында газ турбиналық станция салынуға. Бұл жобаларды жүзеге асыру нәтижесінде қазіргі кезде жыл бойы жұмыс істейтін аталған қазандықтың жүктемесін тағы 30% азайтуға мүмкіндік туады. Атап өтсек, бұған дейін қаладағы жылу желілерін қайта жаңғырту және нысандарды кварталдық қазандықтарға қосу есебінен «Басқуаттың» жүктемесі 12% төмендетілген еді.



Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, өңірде 2024-2025 жылғы жылыту маусымы штаттық режимде өтуде. Өңірдегі әлеуметтік саланың 1330 нысанына және 1682 көп қабатты тұрғын үйге жылу үздіксіз беріліп келеді. Облыстық жылумен жабдықтаушы кәсіпорындары мен бюджеттік сала объектілері түгелдей отынның нормативтік қорымен қамтылған. Өңірде халықтың жылыту маусымындағы көмірге деген қажеттілігі 428,5 мың тонна. Бүгінге дейін аталған қажетті көлемнің 98%-ы тұрғындарға сатылды. Жылыту маусымына дайындық барысында 2 турбинаға, 40 қазандыққа, 156 км су құбыры желісі мен 13,5 км жылу жүйесіне, 1,1 мың км электр желісіне және 134 трансформаторлық қосалқы станцияларға жөндеу жұмыстары жүргізілген.

«Биыл жылу жүйесінің бірқатар жобасы қолға алынады. Мәселен, жеке инвестиция есебінен Талдықорғандағы «Басқуат» қазандығының базасында қуаты 26 МВт электр энергиясын және 19 Гкал/сағ жылу энергиясын беруге жететін газ турбиналық станцияның 1-ші кезеңін келесі жылыту маусымына дейін іске қосу жоспарланған. Жоба 5 кезеңде жүзеге асырылады. Оны іске асыру нәтижесінде 315 МВт электр және 252 Гкал/сағ жылу энергиясы өндіріледі. Жоба 2027 жылы толық аяқталды деп күтілуде. Сондай-ақ жеке инвестициялар есебінен Текелі қаласында қуаты 21 МВт болатын жаңа бу-газ қондырғысын орнату арқылы қолданыстағы ЖЭО-ны жаңғырту және кеңейту жобасының бірінші кезеңін іске асыру жұмыстары жүргізілуде. Бұдан бөлек, бюджет қаржысы есебінен Талдықорған қаласында қуаты 49 Гкал/сағ болатын қазандық салынып жатыр. Оның құрылысы 2025 жылғы қазан айында, яғни келесі жылыту маусымы басталғанға дейін бітпеді деп жоспарланып отыр», – делінген облыстық энергетика және ТҮКШ басқармасының хабарламасында.

Жалпы өңірде орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесінде жалпы қуаты 540 Гкал/сағ болатын 24 негізгі энергия объектісі жұмыс істейді. Жылу желілерінің ұзындығы - 393 км.

Еске салсақ, биылғы жылыту маусымының қарсаңында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әлеуметтік осал топтар санатындағы отбасылар тұратын 1039 жеке тұрғын үйге улы газды анықтайтын құрылғылар қойылды. Ал 2022-2024 жылдар аралығында осындай құрылғы 5 мыңға жуық үйге орнатылған болатын.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ИГІ ІС

ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТАҒЫ
АЯЛДАМАЛАР

Облыс орталығы Талдықорған қаласында жалпы саны 282 аялдама бар. Оның 21-і смарт аялдамалар. Бүгінге қала аумағындағы тозығы жеткен аялдамалар жаңартылып, жаңа бой түзеп жатқан шағын аудандар мен халықтың сұранысына сәйкес тұрғын үй алаптарына 36 жаңа аялдама орнатылады.

Естеріңізге салсақ, 2018 жылы ел игілігіне берілген 21 смарт аялдамалардың басым бөлігі сын көтермейтін жағдайға жетіп, тұрғындардың наразылықтарын тудырып келген еді.

Өзекті мәселені оңтайлы шешу мақсатында қала әкімі Ернат Бәзіл барлық смарт аялдамаларды 5 жылға сенімгерлік басқаруға беріп, бүгінгі күні қала аумағындағы барлық смарт аялдамалардың қалпына келтіру жұмыстары өткен жылдың қазан айында басталып, биылғы жылы толық аяқталмақ.

Сонымен қатар, көлік ағымы көп аумақтарға тағы 4 жаңа бағдаршам орнатылады. Олар қаладағы қозғалысты реттеп, жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтымақ.

Айта кетейік, қала аумағына орнатылатын жаңа аялдамалардың барлығы кескіндері ұлттық нақышта жасалынады.

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАРҒА – БАСПАНА



– «Комтедж қалашығында 204 үйдің құрылысы аяқталмай, тоқтап қалған еді. Облыс әкімінің қолдауымен қайта қалпына келтірілді. Былтыр басталған 97 үйдің құрылысын аяқтап, тұрғындарға баспана кілтін табыстаудамыз. Жыл соңына дейін қалған үйлерді тәмамдап, жұртшылыққа пәтер кілтін береміз», – деп ақжарма тілегін жеткізді. Сонымен бірге аталған қалашықтағы өзге де үйлер кезең-кезеңімен реттеліп, ағымдағы жылы толығымен қолданысқа берілетіні айтылды. Айта кетейік, аталмыш аймақтағы бірқатар баспана-

Талдықорғандық 19 көпбалалы отбасы «Береке» коттеджді қалашығынан баспаналы болды. Қала әкімі Ернат Бәзіл әрбір қуаныш иесіне пәтер кілтін салтанатты түрде табыс етті. Айтуды шарада сөз алған Ернат Дүйсенбекұлы қоныс иелерін құттықтап, өңірде халықты тұрғын үймен қамту ісі жылдан жылға қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Дәл осы аймақта өткен жылдың желтоқсан айының соңында 25, ал, жыл басында 30 баспана тұрғындар игілігіне тапсырылған болатын.

ны салу жұмысы шарттық міндеттемелер бойынша орындау мерзімі бұзылған және жұмыстың сапасыз орындалуы, тиісінше мемлекет қаражатын ұрлау қаупі бар әлеуметтік және стратегиялық объектілер қатарына енген болатын. Сәйкесінше облыстық сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасына кірді. Ал, құрылысы аяқсыз қалып, күні бүгінге дейін созылған іс бойынша айыпталушылар қылмыстық Кодекс бойынша жазаға тартылды.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ЗАМАНАУИ ҮЛГІДЕГІ ЖАҢА НЫСАНДАР

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл қаламызда салынатын жаңа аудандардың жобасын пысықтады.

Осы мәселеге орай Ернат Бәзіл жаңа шағын аудандар жобаларының дайындық барысын көру үшін жауапты мердігер ұйымның өкілін қабылдады.

Жобаны қолға алған «Бақытжан» компаниясы қала әкіміне іргетасы қаланғалы жатқан Қаратал өзенінің оң жағалауымен қатар, 11, 12, 13 шағын аудандарында заманауи үлгіде салынатын нысандар бойынша сызбаларымен таныстырып, жоба жайында толығырақ баян етті.

Аталмыш аудан 210 гектар болатын аумақта бой түземек. Онда 80 көпқабатты тұрғын үй, 2 мектеп, 2 балалар бақшасы және 150 орынды оңалту орталығымен қатар 200 орынға арналған онкологиялық орталық салынады.

Бұдан бөлек, жаңадан бой көтеретін аудандарда заман талабына сай жабдықталған балалар ойын алаңы, шағын сквер де қарастырылған.

Бүгінгі күні магистральды желілерді тартуға яғни, ауыз су, жылу, көгілдір отын, кәріз жүйесі мен байланыс желілерін жүргізу үшін жобалау-сметалық құжаттамасы дайындалуда. Айта кетейік,



аталмыш ауқымды жоба бойынша жұмыс биыл басталады деп жоспарлануда.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

ӘРБІР БАЛА – БІР ЖҰЛДЫЗ



«Әрбір бала - бір жұлдыз, жарқырауына жәрдем ет» атты Талдықорған қаласының дарынды оқушыларын марапаттау салтанаты өтті. Кеш барысында «Зерге» республикалық зерттеу жобалар конкурсының, «Дарын» республикалық олимпиадасының, 9-11 сынып оқушылары арасында өткен республикалық олимпиаданың, «Дарын» ғылыми жоба жарысының жеңімпаздары марапатталды. Сондай-ақ, ағымдағы оқу жылы аясында өткен олимпиадалар мен ғылыми жобалар жұмысында үздік нәтиже көрсеткен М.Ломоносов атындағы №5 орта мектеп лицейі, №12 орта мектеп гимназиясы, Сайын Мұратбеков атындағы №9 орта мектеп пен №28 ІТ мектеп лицейі жұлделі орынға ие болды.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың және ғылыми жоба байқауының қалалық кезеңіне 1568 оқушы қатысып, оның ішінде 176 оқушы І-орын иеленді. Осы оқушылар Талдықорған қаласын облыс, республика көлемінде танытуда өз үлестерін қосты. Талдықорған қалалық білім бөлімінің басшысы Шынар Шарипбаева: «Бала - біздің болашағымыз, еліміздің ертені. Баланың бойында мүмкіндіктердің бәрі бар. Тек оларды көру, білу, ашу қажет. Қазақта «Бұлақ көрсең, көзін аш» деген ұлағатты сөз бар. Қаламызда білім мен ғылым, өнер мен спортқа қызығатын оқушыларымыз өте көп. Олардың қала, облыс, республика көлемінде жетістіктері де аз емес. Біз оларды мақтан етеміз. Бұл жетістікке мектеп әкімшілігі мен ұстаздарының, ата-ананың қосқан үлесі де өте зор. Сондықтан, бүгінгі кешімізді дарынды, өнерлі, талапты да талантты оқушыларымызды марапаттауға бағыттап отырмыз. Әрдайым өз мектептеріңнің мақтанышы болыңыздар дегіміз келеді. Әрқашан білім шыңына өрлей беріңіздер!»-деді.

Назерке ӘБІЛҒАЛИҚЫЗЫ

ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ

АМАНАТ

«...Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске қазақтардың қосқан үлесі орасан зор. Қазақтардың қайталанбас ерлігін әлем мойындады. Ағылшын жазушысы Александр Верт соғыс басталғаннан бастап Москвада 4 жыл бойы тұрған. Сол жазушы «Соғыстағы Ресей» деген кітабында: «Бұл соғыста өзін бәрінен де мықты көрсеткен ұлт – қазақтар», - деп жазып, тарихи тұрғыдан баға берген.



30 жылдай қылмыстық іздестіру саласына өте зор еңбек сіңіреді. Ардагер ата талай жыл бойы қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, әскери бөлімшелерде, оқу орындарында, кітапхана мен музейлерде жастармен кездесуге барып, көргендерімен, өмірден түйгендерімен бөлісіп жүрді. Сұлтан Илиясұлы екі мәрте Ұлы Отан соғысы орденінің, 30-дан астам соғыс және еңбек жолындағы медальдардың иегері. 2010 жылы Чех республикасының Қазақстандағы елшілігі III дәрежелі Крест төсбелгісін, 2004 жылы Украинаның Қазақстандағы өкілетті және төтенше елшісі «Украинаның неміс басқыншыларынан азат етілгеніне 60 жыл» мерекелік медалін табыстаған.

Қазыналы қарияның қолынан ешқашан қаламы түспеді. Сұлтан ата өмір бойы қазақ тілінің мәртебесі жолында жарғақ құлағы жастыққа тимей мақалалар жазған. Сұлтан Илиясұлы «Кеңес үкіметі үшін күрес», «Қылмысты іздеу тәсілі», «Майдандағы солдат қолжазбасы», «Ақиқат», «Аманат», «Арпалыс», «Жүрек сыры» атты кітаптардың және «Думанды дәурен» жыр жинағының авторы. 150-ден астам мақаланың авторы.

«Әрбір азамат қайратты да жігерлі болып ес-соғырлұм өз Отанына, бүкіл халыққа көп пайда келтіреді. Әрбір ана өз баласының адамгершілігі мол дарқан болып өскенін қалайды. Осы ізгі қасиеттерді әрбір азамат ана сүтімен қабылдайды. Өз баласын жан-жақты етіп шығару әрбір семьяның басты міндеті. Ол үшін ең алдымен ата-аналардың өздерінің қайырымды да сергек, адал да еңбек сүйгіш болғаны аса қажет», - деп жазған кезекті бір мақаласында.

Сұлтан Жангөбектің «Ақиқат», «Аманат» және «Арпалыс» атты деректі повестерінде рухы мен жігері темірдей мықты, еңбекке деген құштарлығы мен ұстамдылығы болаттай күшті, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеновтың екінші бірі біле бермейтін саналуан қырлары ашылып, сөзге тапқырлығы, дос-жаранға қамқорлығы, табиғат пен жан-жануарға, отбасына зор махаббаты, өмір өзенінде қалыптасуы, өрлеу қадамы жатық тілмен боямасыз бейнеленген.

Жангөбек Сұлтан Илиясұлы отбасына қамқор өке. Жұбайы Илиясова Маруа Жұмағазықызы Ішкі істер саласының ардагері, милиция майоры. Ұлы өке жолын қуып Қазақстан Республикасының ішкі істер саласында қызмет атқарған.

Быыл қан майданда жан алысып, жан беріскен майдангерлердің, қыршын кеткен боздақтардың ханымен келген Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл. Осыдан 85 жыл бұрын тұтқиылдан басталған жойқын соғыста қаншама ерлеріміз хабар-ошарсыз кетті. Қаншама армандар сөніп, қаншама ғұмырлар жастай үзілді. Жангөбек Сұлтан Илиясұлы да қазақтың өзге де қайтпас қайсар майдангерлерімен қатар өшпес ерліктің үлгісін паш етті.

Негізі: 651 қ. 1 тіз. 29, 30 а, 31, 32 істер.

Бұлбұл МӘКЕНОВА

Жетісу облысының мемлекеттік архивінің архивисі

ЖАСТАР ЕРЛІКТІ ЖЫРЛААДЫ

Қалалық орталық кітапханада Жеңіске 80 жыл толуына орай «Жырлайық Ұлы Жеңісті» атты жазба оқындар байқауы өткізілді. Бұл шараның мақсаты - жас ұрпақтың бойында патриоттық сезім қалыптастырып, аталарымыздың ерлігін насихаттау, Отанға деген құрметті күшейту және өнерлі оқушыларды анықтап, сахна өнеріне баулу. Әскери-патриоттық әдебиеттерді оқуға деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыру болып табылады.



Шараны ашқан қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Әділ Алинов жиналғандарды Жеңістің 80 жылдығымен құттықтап, қатысушыларға сәттілік тіледі. Келесі сөз кезегін алған кітапхана директоры Күлпан Сейтжанова Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен ата – бабамыздың ерлік ісін қастерлеп, жас ұрпаққа жеңісті дәріптеуді мақсат еткен байқаудың маңыздылығына тоқталды. Аталмыш додаға қаламыздың 15-30 жас аралығындағы мектеп оқушылары мен жастар қатысты. Шара барысында «Қазақстан: бәрі де Жеңіс үшін, бәрі де майдан үшін» атты кітап көрмесіне шолу жасалды.

Байқауға ақын Азамат Нұрмұхан, ақын, «Егемен Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі Мұхтар Күмісбек, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Әділ Алинов қазылық етті. Жыр байқауында 16 үміткер бақ сынап, Жеңіске арналған өздерінің арнау

өлеңдерін оқыды. Байқау нәтижесінде жүлделі 1-орынды «Балалардың өнер мектебінің» айтыс сыныбы бойынша 5-сынып оқушысы Жайық Жұмағазы еншілесе, 2-орын №28 ІТ мектеп лицейі 9-сынып оқушысы Толағай Серікбай мен Еркін ауылдық №11 мектептің 10-сынып оқушысы Айзер Тұрсынғалиға бұйырды. 3-орынды С.Мұратбеков атындағы №9 орта мектептің мұғалімі Айдана Балтабекова, №30 орта мектептің 7-сынып оқушысы Рахымбай Абдурахман, Астана халықаралық университетінің 1 курс студенті Ақбота Қабден иеленді. Жеңімпаздарға арнайы дипломдар мен бағалы сыйлық табысталды. Жалпы айтқанда барлық қатысушылар ынталандыру сыйлығы және Алғыс хатпен марапатталды.

Фарида ЖАКУПОВА,
қалалық орталық кітапханасының
кітапханашысы



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

«АТТЕСТАТ-ДИПЛОМ» ПИЛОТТЫҚ
ЖОБАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСПАҚ

2025 жыл айтулы шаралар жылы. Соның бірі – 2025 жылдың «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялануы. Бұл – еңбек адамдарына деген ерекше құрметтің белгісі. «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатын іске асыру үшін қоғамда еңбекқорлық, кәсіби біліктілік сияқты қасиеттер жоғары бағалануға тиіс.

«Біз еңбек адамының абырой-беделін көтеріп, еңбекқорлық, кәсібилік сияқты құндылықтарды дәріптеу үшін әлі талай шаруа атқаруымыз керек», – деді Президент. Жұырда Мемлекет басшысы «Ана тілі» газетіне берген сұхбатта ел дамуындағы келелі мәселелерге тоқталды. Ортақ мақсат пен ортақ мүдде жолындағы бірлескен жұмысымыз елдің игілігі үшін деп атап көрсетті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында: «Бұл шешім ел экономикасының дамуына жұмысшы мамандықтардың маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Әрі біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз», – деген болатын.

Ал, облыс орталығында қандай жұмыстар қолға алынатындығы турасында Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімінің басшысы Шынар Шарипбаева бізге былай деп жауап қайтарды.

– Жалпы Талдықорған қаласында 30 білім беру мекемесі мен 12 арнайы кәсіби білім беретін колледждер бар. Қазіргі күні осы колледждерде кәсіптік техникалық, аграрлық салада 9 мыңға жуық білімгер білім алууда. Ол жерде біздің осы білім саласына қатысты дәнекерлеуші, шаштараз, электромонтер, автокөлік жөндеу, электр – газбен дәнекерлеуші сынды қарапайым жұмысшылар дайындалуда. Бүгінде түлектеріміз тек қаламыздан бөлек еліміздің әр өңірінде табысты еңбек етіп жүр. Бұл біз үшін үлкен абырой. Жұмысшы мамандықтарының жылын өткізу мақсатында бізде де жоспар жасалынды. Мәселен, қаламызда алғашқы рет Талдықорған жоғары политехникалық колледжі, Сервис және технологиялар колледжімен мектептер арасында «Аттестат-диплом» пилоттық жобасы іске асырылып, жоба аясында 10-11 сынып оқушылары 16 жұмысшы біліктілігі бойынша 1,5 жыл оқу мерзімінде оқытылады. Ендеше, жарқын келешегіміз білімді, еңбек сүйгіш жастардың қолында!

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

ТІЛЕГЕН ТІЛЕККЕ
МӘН БЕРГЕН ХАЛЫҚПЫЗ

«Батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер» дегендей, бата қазақ халқының асыл қазынасы болып саналады. Біз қашанда үлкенгі сыйлап, кішіні құрметтеген елміз. Сондықтан қазыналы қарттарымыздың батасы – қасиетті, мағыналы, тек жақсылық тілейтін әдеп. Бата – сан ғасырлар бойы ата-бабамыздан жалғасын тауып келе жатқан ұлттық құндылықтарымыздың бірі.

Қазақ халқы айтылған сөзге, тілеген тілекке, берілген батаға ерекше мән берген. Облыста аталардың баталы сөзден жарысы да өткізіліп келеді. Сонда кейбіреулері тойдағы тілекпен шатастырып, бата берудің жөн-жосығын білмей жатады. Аталардың бата бере алмауына қарап қынжылатын сәттер де аз болмайды.

«Өткенде туыстармен үлкен басқосуға жиналды. Өдеттегідей қазақтың қойының басы ұсынылып, жілік-жілігімен табақ тартылды. Содан асқа бата сұралды. Тәрдегі ақсақалға қарадық. Маған жақын отырған егде жастағы ер адам күйеуден бата сұрамайды деп күңк етті. Батаны өзіміздің арамдықтағы Сәрсен жасасын дегенде, бәріміз аңтарылып қалдық. Шындығында «қазақтар күйеу баладан бата сұрамайды. Неге?» Бұл сауалды қала тұрғыны Бигайша апайымыз қойып еді. Осы сауалға орай біраз ақпараттарды ақтаруға тура келді.

Сонымен Жаңабыл шешеннің мына айтқаны жоғарыдағы айтқан ағамыздың сөзіне дәлел тәрізді. Бірде Жаңабыл шешеннің қайын жұртынан бола тұра бір жігіт шешенге бата беріңіз деп қолқа салыпты. Жаңабыл шешен жеделдік әзілмен: «Сен өлгі қырық тоғыз үйлі туыстан екенсің ғой» дейді. «Иә, ата!» дейді жігіт. «Онда мынаны айтшы, сенің ауылыңда он оңбаған, тоғыз тоймаған, сегіз сергелден, жеті жетесіз, алты алаңғасар, бес берекесіз, төрт төбел тас, үш үсіп өлген, екі елерме және жөні түзу біреу бар деп естігем. Сен солардың қайсысынан боласың?!» дейді Жаңабыл шешен. «Білмеймін, ата!» дейді жігіт. «Ендеше ауылыңа барып, ақсақалдарыңнан сұрап, соны біліп кел. Сосын саған жақсылап бата берейін» депті. Жігіт сөз астарын түсінбей ауылына келіп ақсақалдарға айтады. Сонда олар: «Әй, жөнді білмеген жетесіз неме, жезден сені оңдырмай қатырған екен. Енді айыбыңды біз төлейтін болдық. Есінде болсын, ұғып ал, Жаңабылдың жолы біздің елге күйеу, ал қазақ күйеу баладан бата сұрамайды» деген екен.

Күйеу қайын жұртына келгенде бата бермейді. Себебі өз жұртын әр ру өзі басқарып, әулетіне өздері береді. Алыстан келген сыйлы қонақтар бата береді. Ал күйеу баланың бермейтіндігі – «ұрпағы жоқ болып, қыз ұрпағы билемесін» деген ырым. Күйеуді төрге шығармауы «есіктен кіріп төр менікі деме, шаңырағымға ие болар өз ұрпағым бар» деген екен. Сондықтан да батаны тек әулеттің үлкендері мен қадірлі қонақтардан, танымал кісілерден алады.

Қорытындылай келе, бата мазмұнына қарғыс та, алғыс та, реніш те, тілек те, ризашылық та қамтылатынын ұмытпайық.

Данагүл МӘКЕН

ДЕНСАУЛЫҚ ҚАТЕРЛІ ІСІК АУРУЫН ЖАҢА ӘДІСПЕН ЕМДЕУ ҚОЛҒА АЛЫНДЫ

Жетісу облысы Денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен облыстық көпсалалы клиника дәрігерлері HIPEC - гипертермиялық интраперитонеальді химиотерапия технологиясын қолдана отырып, аналық без обырын, асқазан және тоқ ішек обырын аралас емдеудің жаңа, жоғары технологиялық әдістемесін енгізді. Аталған жаңа әдісті енгізу мақсатында Израиль мен Италиядан арнайы мамандар келіп, клиника дәрігерлеріне мастер-класс өткізді.

